

**Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство науки и высшего образования РК
Западно-Казакстанский университет им М. Утемисова
Научная библиотека**

**БАҚТЫЛЫ
САНСЫЗБАЕВНА
БОРАНБАЕВА**

Орал - Уральск, 2024

ББК 91.9:63
Б 82
УДК 016:929

Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна: биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Г.И. Джанбаева, А.В. Погодаева; жауапты ред. Т.Е. Алимбекерова. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2024. - 170 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш тарих ғылымдарының кандидаты, М. Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессорына Боранбаева Бақтылы Сансызбаевнаға арналған.

Сілтемеге 2024 жылға дейін қамтылған ғалымның өмірі мен ғылыми қызметін сипаттайтын материалдар, оның жарияланымдарының тізімі және ол туралы материалдар кіреді. Материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна: биобиблиографический указатель / Сост.: Г.И. Джанбаева, А.В. Погодаева; отв. ред. Т.Е. Алимбекерова. - Уральск: РИЦ ЗКУ им. М.Утемисова, 2024. - 170 с.

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен кандидату исторических наук, ассоциированному профессору ЗКУ им. М. Утемисова Бақтылы Сансызбаевне Боранбаевой.

В указатель включены материалы, характеризующие жизнь и научную деятельность ученого, перечень публикаций и материалы охваченные по 2024 год. Материалы расположены в хронологическом порядке.

Указатель предназначен для студентов, преподавателей, научных работников и широкого круга читателей.

ББК 91.9:63

© М.Өтемісов атындағы БҚУ Баспа орталығы, 2024

ҒАЛЫМНЫҢ АЛТЫНШЫ БЕЛЕСІ

Өткенге ой жүгіртсем, ұзақ жыл Орал қаласындағы Ә. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінде маңдай терін төгіп еңбек еткен Бақтылы Боранбаевамен алғаш рет қалалық білім жетілдіру институтында жүздескен едік. Сол жылдары аталған оқу орнында мектеп мұғалімдеріне Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі бойынша дәріс жүргізетінбіз.

Алғаш көргеннен-ақ Бақтылы апамыздың бойынан өз мамандығына сүйіспеншілік, табандылық, деген шексіз жігерлілік, жинақылық сияқты кәсіби шеберге тән асыл қасиеттер сезіліп тұрды. Сонау студенттік жылдарынан өлке тарихына деген ынтызарлық апамыздың жан дүниесіне тыныштық тапқызбады. Бертін келе, біздің бүгінгі кейіпкеріміз ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға біржола ден қойып, жергілікті Отан тарихын зерттеушілердің арасынан ойып тұрып орын алды. Қазіргі таңда М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың ҚР тарихы кафедрасында қоян-қолтық жұмыс істеп жүрген Бақтылы Боранбаеваның соңынан ерген іні-сіңлілеріне үлгі боларлық ұстаздық қасиет бір бөлек әңгіме. Енді бәрін басынан бастайық.

Бақтылы Боранбаева 1964 жылы 19 қазанда Ақжайық ауданына қарасты Тегіс жол ауылында өмірге келген. 1981 жылы С. Киров атындағы орта мектепті бітірген соң, Гурьев (Атырау) педагогикалық институтының тарих факультетіне қабылданып, 1986 жылы тарих, қоғамтану және мемлекеттік құқық мамандығын үздік бітіреді. 1987-2004 жылдар аралығында музей қызметкері, жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімі болып еңбек еткен Бақтылы Сансызбайқызы 2004 жылдан бері жоғары оқу орнында студенттерге дәріс оқып келеді.

2009 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің диссертациялық ғылыми кеңесінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Рысбековтің жетекшілігімен «Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі (1875-1921 ж.ж.)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен 2023 жылы 9 қарашадағы (№846) бұйрық негізінде Бақтылы Сансызбайқызына қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

Ол ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастыра отырып, «Ғұмар Қараш. Қоғамдық-саяси қызметі» (Алматы, «Арыс» 2014. - 232 б.) атты монографиясын жариялады. Бұл еңбекте алаш қайраткері Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысы және оған қатысқан қазақ зиялыларымен тығыз байланыста қарастырылып, Башқұртстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорындағы 1917-1918 жылдары Орынбор діни басқармасының қазіи болған Ғұмар Қараштың қолы қойылған құжат тар мен ойшыл ақынның «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттерімен рухани байланыста болғандығын дәлелдейтін тарихи сурет деректер алғаш рет жарияланып, ғылыми айналымға енгізілді.

Ғалым Бақтылы Сансызбайқызының ұзақ жылға созылған зерттеу еңбегінің нәтижесінде, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай өлкемізден шыққан 20 майдангер қазақ қызының өмірі мен жауынгерлік ерлігі туралы зерттеу еңбегін жариялады (Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары. Орал: «Полиграфсервис». 2015 - 228 б.). Бұл туралы ғалымның өзін тыңдасақ: «1982 жылы тарих факультетінің 1-

курсында оқып жүрген кезімде ғылыми жетекшім «Ұлы Отан соғысына қатысқан Қазақстан қыздары» тақырыбын ұсынды. Міне, сол кезден осы тақырыпқа аңсарым ауды. 1983 жылы жазғы каникул кезінде Жымпиты ауылында тұратын майдангер аналар Әзима Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, сондай-ақ сол кезде Бударин ауылында тұрған десантшы Қаламсия Ермековамен кездесіп сұхбаттастым. Мерген қыз Мәлика Тоқтамышева туралы алғаш мақала жазған аутор Тәмти Ибрагимовамен хат арқылы байланысып, тарихи құжаттар мен суреттерге қол жеткіздім. «Лениншіл жас» газеті, «Қазақстан әйелдері» журналы беттерінде жарияланған көптеген жауынгер аналармен хат алыстым. Оған осы басылымдар редакциясы көп көмек етті. Алайда кеңестік кезеңде бұл тақырып бойынша маған диплом жұмысын жазуға рұқсат етілмеді. Бірақ жауынгер қазақ қыздары туралы ізденісімді тоқтатпадым. Радиобайланысшылар Ғ. Рахметова, М. Мақатова, Сталинград шайқасына қатысқан Р. Зайнуллина сияқты майдангерлермен кездестім. Сөйтіп, отыз жылдан астам уақыт жиналған деректер негізінде қазақтың батыр қыздары туралы еңбек жазылды» дейді.

Ғалымның зерттеу аясы кең, ғылыми еңбектері қашанда қазақ тарихының терең зерттеуді, нақты ғылыми тұжырымды қажет ететін ең өзекті мәселелеріне арналып отырады. Ол 1952 жылы «Капустин Яр» полигонына байланысты республикалық ішкі депортацияға ұшырап, Оңтүстік Қазақстан облысына еріксіз көшірілген Орда, Жаңақала аудандары халқының қасіретті тағдыры туралы «Капустин Яр» әскери полигоны: қазақ депортациясы» атты (Орал: «Полиграфсервис». 2022 жыл, 264-б.) монографиясын жазды. Бұл еңбекті академик Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов «Тыңға түрен салған еңбек» деп бағалады. Шын мәнінде, Бақтылы Сансызбайқызы

отандық тарих ғылымына жаңалық енгізіп, қазақ қасіретінің тағы бір бетін ашты.

Қазақстан тәуелсіздігі арқасында отандық тарихшыларға шығармашылық еркіндік берілді. Еліміздегі жабық архив қорлары ашылып, ұлттық тарихымызды жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдауға кең жол ашылды. Мемлекет басшысының 2020 жылы 24 қарашадағы «Саяси-құғын сүргін құбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлығына сәйкес құрылған Батыс Қазақстан өңірлік комиссиясының мүшесі Бақтылы Сансызбайқызы «Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (1920-1922 ж.ж.) Батыс Қазақстан облыстық архив құжаттарын» жариялады. Сөйтіп, архив қорында ғасырға жуық құпия сақталған XX ғасыр басындағы ашаршылық туралы тың деректер алғаш рет жарыққа шықты.

Ғылыми ізденіс жұмысын өмірінің мәніне айналдырған ғалым өзінің әке алдындағы перзенттік парызын да ұмытпай III және II дәрежелі Еңбек даңқы орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 1988 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты атақты шопан Боранбаев Сансызбай Қадешұлының өнегелі өміріне арналған «Ардақты әке жөнінде сөз» атты танымдық кітабын жарыққа шығарды. Ғалым Б. Боранбаеваның әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары секциясының ұсынысымен шығарылған Орта ғасырлар тарихы (V ғасыр екінші жартысы – XVII ғасыр ортасы) (Астана: Фолиант. 2013 жыл, 256 б.) оқу құралы республикамыздың жоғары оқу орындарында қолданысқа енгізілген. Еліміздің тәуелсіздігінен кейінгі мемлекеттік тілде жазылып отырған

бұл еңбек бүгінгі таңда мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік құралдарының тапшылығын шешуге септігін тигізетін, студенттердің сұранысына сай келетін таптырмас оқу құралы болып табылады.

Әрдайым тынымсыз еңбек үс тінде жүретін, тәртіп пен талапты өмірлік ұстанымына айналдырған кәсіби маман иесі, ғалым Бақтылы Сансызбайқызы 150-ден аса ғылыми және теориялық танымдық мақалалардың ауторы. Ғалымның ғылыми теориялық танымдық мақалалары өзіндік тарихи тың тұжырымдарымен айқындалып отырады. Оның ғылыми ізденіс жұмыстарының нәтижесі шетелдік Скопус базасында және ҚР ҒЖЖБ саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көрді. Сондай-ақ ол ұлттық қоғамдық-саяси «Ақиқат» журналы, республикалық «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Орал өңірі» басылымдарында архив деректері негізіндегі жарияланған тың зерттеулері арқылы республика оқырмандарына танымал ғалым. Ғалым студенттерге кәсіби білім берумен қатар, болашақ алаштанушы мамандар дайындауға да білімі мен тәжірибесін жұмсап келеді. Ол 2010 жылдан «Алаштану» ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі. 2016-2017 жылдары студенттер ғалымның жетекшілігімен Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда облыста рында «Ардагер естелігі айтылған тарих» жобасы бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлер мен тыл ардагерлерінің, сондай-ақ соғыс жылдарындағы балалар естеліктерін дыбыс және бейнетаспаларға түсіріп, ғылыми зерттеу, архив қорын жинақтау жұмыста рын жүргізді.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Құспан Ғұмарұлы екеуі от басында екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларының үшеуі де мектепті үздік

«Алтын белгімен» аяқтап, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияның Брайтон, Бристоль, Ньюкасл қалаларындағы беделді университеттерде магистр дәрежесінде білім алған. Үлкен ұлы Аңсаған заңгер. ҚР Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының аға сарапшысы. Астана қаласындағы М. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінде студенттерге дәріс оқиды. Кіші ұлы Ақиқат халықаралық Шлюмберже компаниясының мұнай бұрғылау инженері. Ал қызы Арайлым Германияның Мюнхен қаласындағы Людвиг-Максимилиан университетінде «Атеросклероз молекулярлық механизмі» бағдарламасы бойынша докторантура жобасында зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Ойымызды түйіндесек, отбасы һәм шығармашылық бақыттың тепе-теңдігін сақтап, алтыншы белесіне ғалым ретінде біраз шаруаның басын қайырып әдемі жеткен, Ақ Жайық өңірінің зиялы қауымы арасында құрметті орны бар әріптес һәм сыйлы апамыз Бақтылы Сансызбайқызының еңбек жолына бұдан да биік толағай табыстар тілейміз!

Әрқашан абыройыңыз асқақ, мерейіңіз үстем болсын!

Жаңабек Жақсығалиев

Oral oniri. - 2024. - 10 қазан. - №82. - Б. 10.

УЧЕНЫЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ГУМАНИТАРНОЙ АКАДЕМИИ Б.БОРАНБАЕВА НАПИСАЛА НОВЫЙ УЧЕБНИК «ИСТОРИЯ СРЕДНИХ ВЕКОВ»

Столичное издательство «Фолиант» выпустило учебное пособие «История средних веков» (Вторая половина 5-го века-середина 17-го века), подготовленный доцентом Западно-Казахстанской гуманитарной академии, кандидатом исторических наук Бактылы Боранбаевой. Об этом сообщает наш собственный корреспондент Ельжан Ералы из Уральска.

Работа, написанная на государственном языке и предназначенная для казахских групп, обучающихся по специальности «история» в отечественных вузах, была предложена для издания Казахским национальным университетом имени аль-Фараби. Этот учебник, изданный в рамках серии «Высшее образование», предназначен для студентов вузов и магистрантов, а также для специалистов, интересующихся всемирной историей средних веков.

Б. Боранбаева также занимается исследованием жизни и творчества известного деятеля движения «Алаш», поэта и просветителя Гумара Караша.

КазИнформ. – 2013. – 18 сентября.

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ



2013 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары секциясының ұсынысымен шығарылған «Орта ғасырлар тарихы» (V ғ. екінші жартысы – XVII ғ. ортасы) Астана.: Фолиант. 2013.) оқу құралы республикамыздың жоғары оқу орындарында қолданысқа енгізілді. Тарих ғылымдарының кандидаты

Бақтылы Боранбаеваның авторлығымен дайындалған оқу құралы еліміздің жоғары оқу орындарында «Тарих» мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге арналып жазылған. Бұл — бүгінгі таңда мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік құралдарының тапшылығын шешуге септігін тигізетін, сондай-ақ студенттердің сұранысына сай келетін таптырмас көмекші оқу құралы. Ол ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Тарих» мамандығының жалпыға міндетті білім беру стандарты мен пәндердің типтік бағдарламалары негізінде дайындалған. Оқу құралын дайындауда автор медиевист ғалымдар С.Д. Сказкин, З.В. Удальцова, С.П. Карпов, Н.Ф. Колесницкий және басқа да ғалымдар еңбектеріне арқа сүйей отыра, кейінгі кезде отандық тарих ғылымындағы жаңалықтарды назардан тыс қалдырмаған.

Әрине, оқулық жазу оңай шаруа емес, сонын ішінде 12 ғасырлық дүние жүзінің орта ғасырлар тарихын жазу біліктілік пен қажырлы еңбекті қажет ететін үлкен іс екендігі бәрімізге белгілі. Демек, автордың бұл оқу құралын жазу барысында көп ізденіс жасағандығын, сондай-ақ қазіргі заман көз-қарасы бойынша әлем тарихын пайымдаудағы құлшынысын әбден құптауға болады.

Мемлекеттік тілде жазылған бұл оқу құралында жалпы тарихтың хронологиялық дәуірлеу ерекшеліктері бойынша V-XVII ғасырлар аралығындағы дүниежүзілік тарихтың даму процесі пайымдалған. Онда қарастырылған тақырыптар бойынша қоғамдық-экономикалық формацияның феодализм дәуіріндегі аса маңызды тарихи оқиғалары жүйелі түрде пайымдалып, Батыс пен Шығыс елдерінің тарихы біртұтас қамтылған. Атап айтқанда Батыс Еуропадағы ортағасырлық феодалдық мемлекеттерден Византия, Франция, Англия, Германия, Италия, Испания сияқты, Шығыстан Қытай, Жапония елдерінің өзіндік тарихи даму ерекшеліктері нақтылы баяндалған.

Бақтылы Сансызбайқызы оқу құралын жазу барысында пән бойынша соңғы жылдары жарық көрген іргелі зерттеу еңбектері мен оқулықтарды пайдалана отырып, жұмыстың ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен қорытындыларын жүйелі түрде сақтаған. Сонымен қатар автор оқу құралының бөлімдері мен тақырыптар арасындағы ішкі логикалық байланыстарын сақтай отырып жазуды да естен шығармаған.

Феодалдық қоғамның он екі ғасырлық (V-XVII) даму үдерісін концептуалды пайымдауды көздеген бұл оқу құралының негізгі құрылымдық компоненттері мынадай: кіріспе және орта ғасырлар тарихының негізгі кезендері бойынша алынған үш негізгі бөлім, пайдалануға ұсынылған әдебиеттер, сондай-ақ жалпы курстық білім деңгейін тексеруге арналған тест сұрақтары мен оның дұрыс жауаптары, орта ғасырлар тарихының басты оқиғаларының кестесі, түсіндірмелі сөздіктер (глоссарий) және тақырыптық карталар мен суреттер топтамасы. Автор еңбекке енгізілген әр тақырыптың соңынан бақылау сұрақтарын беріп отырған. Бұл студенттердің білім деңгейін тексеруге және пысықтауға септігін тигізетін тәсіл. Осылайша бұл еңбек студенттердің білім және білік деңгейіне қойылатын талаптар шеңберінде жазылған. Сондай-ақ ол жоғары оқу орындарында жалпы тарих бойынша жүргізілетін «Орта ғасырлар тарихы» пәнінің сағат көлемі мен қойылатын талаптарына да жауап береді. Демек, оқу құралының ұғымдары анық, тілі жатық, пайдалану құндылығы жоғары.

Қысқасы, отандық жоғары оқу орындарындағы тарих мамандығы бойынша білім алатын қазақ топтарына арналған мемлекеттік тілде жазылған оқулықтардың маңыздылығын ескере

отырып, аталған оқу құралының студенттердің орта ғасырлық дүниежүзі тарихын ана тілінде оқып-үйреніп, ғылыми түсінік-танымдарын кеңейтуіне септігін тигізері сөзсіз. Ендеше оқу құралы авторының еңбегіне табыс тілейміз. Ізденісі бұдан да нәтижелі, берекелі болғай! Алда бұл бағыттағы ізденістер жана ой-пікірлермен толыға түседі деген сенімдеміз.

*Әбілсейіт Мұқтар,
Тарих ғылымдарының докторы, профессор*

КТО ЖЕ, ЕСЛИ НЕ МЫ?



Лидеры политического движения «Алаш» хотели видеть Казахстан процветающей страной, а казахстанцев - образованными, богатыми и сильными.

Об этом говорят на своих встречах представители современной интеллигенции, пропагандирующие идеи алашординцев. Гости приехали из Астаны и Алматы: президент Фонда изучения

наследия репрессированной интеллигенции Казахстана «Арыс» Гарифолла Анес, руководитель Национального музея РК Максот Тажмурат, начальник управления развития языков Астаны Ербол Тилешов, доцент университета «Туран-Астана» Зауреш Колумбаева.



Максот Тажмурат призвал местную интеллигенцию активнее просвещать народ, освещая историю казахского народа, в том числе вспоминая вклад алашординцев.

Среди наших преподавателей есть такие люди, которые стараются по крупицам восстановить фрагменты жизни великих людей. В ходе встречи была презентована книга доцента Западно-Казахстанского инженерно-гуманитарного университета Бактылы Боранбаевой «Ғұмар Қараш қоғамдық-саяси қызметі».

- Я горжусь тем, что внесла хоть какой-то вклад в историю изучения жизни великого человека. «Для меня было большим удовольствием работать над той книгой», - говорит автор. Гарифолла Анес рассказал собравшимся о том, как шло становление партии «Алаш», и что важную роль в этом играла пресса. Первые казахские газеты печатались на деньги передовых людей того времени, которые не скупилась на поддержку редакций, выделяя огромные средства на их содержание. И через прессу пошла информация о истории Казахстана, о великих людей, тираж распространялся по всей казахской степи, и тогда западные казахи узнали о существовании Абая. Сами же алашординцы, стоявшие во главе этого процесса, обладали прекрасными знаниями, говорили на нескольких языках. Это были люди высоконравственные, рисковавшие своей жизнью ради спасения казахского народа.

Так, например, Жусипбек Аймауытов (писатель, основоположник драмы и романа на казахском языке, ученый, просветитель, педагог, психолог) постоянно находился в гуще общественной и политической жизни. Он помогал голодающим Тургайского уезда, собирая по аулам скот. Это и поставили ему в вину - в 1929 году Аймауытова арестовали, а в 1931 году расстреляли.

В декабре 2014 года отмечается несколько юбилеев деятелей Западного отделения «Алаш-Орды»: Бактыгерее Кулманову - 155 лет, Алпысаю Калменову - 145, даулетше Кусепкаливу - 140 лет, Тулегену Имангазиеву - 140 лет, Кариму Жаленову - 125 лет, Нугману Залиеву - 125 лет, Есенгали Касаболатову - 125 лет, Бакытжану Байтакову - 125 лет.



Деятели из Астаны и Алматы вышли с предложением отпраздновать 13 декабря День Алаш, в честь далёкого события, когда этого числа 1917 года в Оренбурге завершился второй Курултай казахов, после которого была образована автономия Алаш-Орда, что явилось заявкой на восстановление казахской государственности. История Алаш-Орды напрямую связана с развитием государственной и политической мысли, культуры, науки и образования всего казахского народа начала XX века. А сами алашординцы являются несомненным примером для современной казахстанской интеллигенции.

Жанар Давлетова

Регион Евразия. – 2014. – 2 октября. - №13. – С. 3.

В ЗКО ВЫПУСТИЛИ КНИГУ О КАЗАХСКИХ ДЕВУШКАХ, УЧАСТВОВАВШИХ В ВОВ

Автор признается, что написать книгу о героизме казахских девушек на войне она мечтала еще со студенческих лет.

В Западно-Казахстанской области вышла книга о 17 девушках Приуралья, участвовавших в Великой Отечественной войне, передает корреспондент VNews.kz. Автор произведения – ученый-историк Бактылы Боранбаева.



Автор признается, что написать книгу о героизме казахских девушек на войне она мечтала еще со студенческих лет. Доцент инженерно-гуманитарного университета, кандидат исторических наук упорно собирала архивные материалы в течение нескольких лет. Зачастую приходилось выезжать в отдаленные районы ЗКО, чтобы побеседовать с теми, кто знал героинь книги.

В частности, в книге собраны материалы об отважной пулеметчице Маншук Маметовой и летчице Хиуаз Доспановой, совершившей более 300 вылетов, радистках Гарифе Рахметовой, Замихе Наушевой. Здесь же можно найти информацию об участнице военных сражений на улицах Берлина Мауелиме Кожаметовой, снайпере Малике Токтамышевой и многих других. В книге рассказано не только о боевых подвигах девушек, но и об их дальнейшей судьбе, жизни, опубликованы фотографии и документы. Исследовательская работа Бактылы Боранбаевой

будет интересна для магистрантов, студентов, а также людей, занимающихся исследованием истории XX века.

Сергей Романов

VNews.kz. – 2015. – 19 апреля.

«ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ» АТТЫ КІТАП ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы тағы бір тың деректермен толықты. Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Бақтылы Боранбаеваның «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты ғылыми зерттеу еңбегі кітап болып жарыққа шықты.

Бақтылы Сансызбайқызының Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай шығарылып отырған бұл еңбегінде Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының жауынгер қазақ қыздары жайлы ұзақ жылдар бойы жинаған мұрағат құжаттары, тарихи деректер, естеліктер мен фотосуреттер қамтылған.

Кеңес Одағының Батыры, пулеметші М.Мәметова, 300 рет әуе шайқасына қатысқан тұңғыш әскери ұшқыш Х.Доспанова, I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық корпус құрамында Калинин, Солтүстік-Батыс, Брянск, I, II Балтық бойы, I, II Белорус майдандарындағы сұрапыл соғыстарға және «Берлин»

операциясына қатысқан радиобайланысшылар Ғарифа Рахметова, Замиха Наушева, Висла өзені маңындағы шайқаста дзот үнін өшіріп «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденіне ие болған, Берлин көшелеріндегі ұрысқа қатысқан мерген М.Кожажметова, «Ерлігі үшін» медалінің иегері ефрейтор, мерген қыз Мәлика Тоқтамышова, Карелия майданында партизан бөлімшелерінің ІІ класты байланысшысы болған Майра Мақатова, Белоруссиядағы партизандық қозғалысқа қатысқан Қызыл Жұлдыз ордені мен «Отан соғысының партизаны» жауынгерлік медальдің иегері Нұрғаным Байсейітова, Қызыл Жұлдыз ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері медициналық қызметтің гвардия капитаны Роза Момынова, Қызыл Тулы 369-атқыштар дивизиясының медициналық-санитарлық бөлімінің дәрігері аға сержант Әсия Ғалымова, Қиыр Шығыс майданына қатысқан жауынгер қыздар Қаламсия Ермекова, Әзима Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, сондай-ақ жапон милитаристеріне қарсы соғысты Солтүстік Корей елінде аяқтап Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатымен марапатталған Қаным Алмағамбетова мен Есқалиева Үмітай, Сталинград шайқасына қатысқандар медбике, әрі пулеметші «Ерлігі үшін» медалінің иегері Рабиға Зайнуллина және байланысшы Ағипа Кенжеғалиева сияқты 17 майдангер аналардың жауынгерлік ерлігі мен өнегелі өмір сюжеттері баяндалады.

baq.kz. – 2015. – 1 қаңтар.

<http://old.baq.kz/kk/news/dereker/uli-otan-sogisina-katiskan-batis-kazakstan-oblisinin-kazak-kizdari-atti-kitap-zh-902>

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ

Бүгін облыстық қазақ драма театрында «Қазақтың батыр қыздары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия және Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп ұйымдастырылған конференцияға ұлттық комиссия төрайымының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елена Тарасенко, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л. Ахметова, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы А. Ахмет, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың ұлы Ерболат Әміров және жергілікті зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қазақтың батыр қыздары туралы көрсетілген деректі фильмнен соң Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық академиясының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Бақтылы Боранбаеваның «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты кітабының таныстырылымы болды. Конференцияда сөз алған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Елена Тарасенко отты жылдарда өрлігімен ел есінде қалған батыр қыздармен қоса, тылда еңбек еткен әйелдердің жанкештілігі мен қайсарлықтары туралы айтып, 1989 жылдан бері құрылып, бүгінде қатары сиреп қалған «Фронтвичка» клубының жас толқынды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі қосқан үлесінің зор екенін атап өтті.

Ұлы Отан соғысында майданға өз еркімен аттанып, Жеңіске сүбелі үлес қосқан Кеңес Одағының батырлары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Халық Қаһарманы Хиуаз Доспановалардың ерлігіне тоқталған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айгүл Есекенова бүгіндері облысымызда 170-тей майдангердің қалғаны туралы тілге тиек етіп, олардың үнемі назарда болатындығын жеткізді. Отты жылдарда қазақтан шыққан жалғыз ұшқыш қыз, 300-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын орындаған Хиуаз Доспанованың ұлы Ерболат Әміров отбасында анасының мейірімді, қарапайым әйел

болғандығын әңгімелеп, жалпы қазақ қыздарының майданда көрсеткен қайсарлығы туралы ойын ортаға салды.

Гүлжамал Жолдығали

zhaikpress.kz. – 2015. – 19 маусым.

ӨЛКЕ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ МОНОГРАФИЯ



өлкесі», «Тарихи тұлғалар», «Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Орал өңірінің қазақ қыздары», «Орал өңірінің қазақ қыздары Қиыр Шығыс-майданында», «Руханият» атты бес бөлімнен тұрады.

Зерттеу еңбегінде облыстағы мемлекеттік архив және музей, кітапхана қорларының өлке тарихына қатысты тарихи дерхектері ғылыми айналысқа енгізілген. Атап айтқанда, Бөкей өлкесінің экономикалық-әлеуметтік даму тарихы (XIX ғ. II ж. XX ғ. I ж.), Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 ж. ж.), «Капустин Яр» әкелген қасірет», сондай-ақ Алаш қайраткерлері Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйрин, Мақаш Бекмұха медұлы, өлкетанушы ғалым Мұстафа Ысмағұлов және т.б. тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, II дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақ халқын әлемге жауынгер ұлт ретінде паш еткен қазақ қыздары, Қызыл Жұлдыз орденінің иегерлері, байланысшы Нұрғаным Байсейтова, әскери дәрігер Роза Момынова, мергендер Әлима Габдушева, Мүслима Қожахметова, Мәлика Тоқтамышева, сондайақ Қиыр Шығыс майданында Жапонияның Квантун армиясын талқандауға қатысқан қазақтың ержүрек қыздары, десантшы Қаламсия Ермекова, әскери көлік жүргізуші Слухия Саркулова, байланысшылар Әзима Ниязғалиева, Мүслима

Үмбетова, соғысты Кореяда аяқтаған байланысшылар Үмітай Есқалиева, Қаным Алмағамбетованың әскери өмірі мен жауынгерлік ерліктері туралы тың деректер мен суреттер жарияланған.

Сонымен бірге Орал қаласындағы XIX ғасыр сәулет ескерткіштері Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің ғимараты, Ванюшин үйі (қазіргі Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейі), көпес Александр Карев үйінің (Ж. Молдағалиев атын дағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана орналасқан ғимарат) салыну тарихы деректік негізде баяндалған. Кітаптың қосымшасына ойшыл ақын, ағартушы Ғұмар Қараштың үлкен ұлы Бұрхан Ғұмарұлынан тараған немерелерінің бұрын-соңды жарияланбаған суреттері мен құнды архив құжаттары алғаш рет ұсынылып отыр. Монография магистрларға, жоғары оқу орындарының студенттеріне, өлке тарихына қызығушылық танытушы тарихшы мамандарға, мектеп оқушыларына арналған.

*Нұршат Майманова,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ магистрі*

Орал өңірі. – 2019. – 5 қараша.

СЛОМАННЫЕ СУДЬБЫ, НО НЕ СЛОМЛЕННЫЕ ЛЮДИ

В областной научной универсальной библиотеке им. Ж. Молдагалиева состоялась презентация книги Бактылы Боранбаевой «Капустин Яр әскери полигоны: «Қазақ депортациясы».



Людей насильно заставляли переселяться, сажали в товарные вагоны и вывозили. Разрешалось брать с собой только личные вещи, об имуществе и речи не было. Более десяти тысяч человек вывезли в Южно-Казахстанскую область, оставшихся раскидали по районам нашего региона. События этого сурового послевоенного времени описаны в книге доцента ЗКУ им. М. Утемисова, кандидата исторических наук Бактылы Боранбаевой «Капустин яр әскери полигоны: «Қазақ депортациясы», презентация которой прошла в областной научной универсальной библиотеке им. Ж. Молдагалиева в рамках проекта «Ғалымдар – кітапханада». Только с провозглашением независимости стало возможным пролить свет на события, происходившие на священной земле наших предков. Трагическая песня «Елім-ай» в исполнении студентов музыкального колледжа им. Курмангазы (худ. руководитель А. Каратаев, дирижер И. Шмидт), с которой началось мероприятие, произвела большое

впечатление на зрителей. Значимость книги, в которой впервые открыто говорится о депортации жителей Бокейординского района отметил коллега Бактылы Сансызбаевны, доцент ЗКУ им. М. Утемисова, кандидат исторических наук Ж. Жаксыгалиев. Полигон Капустин Яр хоть и считался ракетным, но здесь проводились и ядерные испытания. В Нарыне было произведено 18 ядерных взрывов под землей и 11 в атмосфере, мощность которых равна 65 бомбам, сброшенным на Хиросиму. Командование полигона до 1992 года вообще отрицало факты испытания ядерных бомб на земле Нарына. На этом же полигоне произведен пуск более 25 тысяч зенитно-управляемых ракет, из них несколько сотен ракет с гептиловым топливом первого класса опасности. Испытано около 180 образцов военной техники, уничтожено на грунте 619 ракет средней дальности, при этом каждая из них выбросила в атмосферу 50 тонн высокотоксичных веществ. Степь изрыта воронками, зияют громадные провалы и впадины от ядерных взрывов 50-70-х годов. Долгие годы по всей степи валялись обломки и фрагменты летательных аппаратов и средств их уничтожения, их местное население собирало в качестве металлолома. Район Хаки Сор с территорией в 830 тысяч гектаров использовался в качестве могильника военной техники.

– Это уникальное соленое озеро имеет свойство всасывать в себя все тяжелые предметы. Военные знали об этом свойстве Хаки и специально выбрали его в качестве могильника, – вспоминал выходец из Бокейординского района, руководитель общественного антиядерного движения «Нарын» Какен Кубейсинов. – За 60 лет использования озеро превратилось в полувысохшее болото. И сейчас соляной рассол Хаки медленно засасывает останки тысяч ракет, самолетов и их агрегатов. Хаки Сор находится всего в 11 километрах от села Орда, когда-то являвшегося ставкой хана Жангира. Не раз обломки ракет падали прямо рядом с поселком. Издревле Хаки Сор являлся местом окота и водопоя сайгаков. В их крови, шкуре и костях обнаружены очень высокие концентрации тяжелых металлов, что может привести к мутации. Полувысохшее озеро Хаки очень опасно, с ветром выдувается загрязненная тяжелыми металлами пыль, и насколько это опасно для живого организма, никто не знает. Здесь никогда не проводились никакие исследования.

Если общественный деятель Какен Кубейсинов на протяжении десятка лет добивался придания статуса зоны Чрезвычайной экологической ситуации южным районам нашего региона, то Бактылы Боранбаева десять лет своей жизни посвятила написанию книги о последствиях ядерных испытаний на священной нарынской земле. Бактылы Сансызбаевна открыто пишет о депортации местного населения, о тяготах и лишениях, которые пришлось пережить людям. О жизни и деятельности историка рассказывает предложенный зрителям видеоролик. В презентации книги «Капустин Яр әскери полигоны: «Қазақ депортациясы» приняли участие и.о. проректора по академическим вопросам, доктор исторических наук А. Тасмагамбетов, доктор исторических наук, профессор М. Сдыков, заместитель председателя областного совета ветеранов А. Габбас, председатель городского совета ветеранов, председатель областного филиала НДПП «Ауыл» М. Анесов. Свое мнение о книге в онлайн-режиме высказали и ведущие казахстанские ученые: академик Национальной академии наук РК, доктор исторических наук, профессор Ханкельды Абжанов, кандидат исторических наук, профессор университета Шакарима Мухтарбек Каримов. По мнению ученых, казахский народ всегда чтит свою историю, поэтому расставание с отчим краем воспринималось как трагедия целого ряда поколений. Научный труд бесценен и с научной, исторической, геополитической точки зрения, а также несет в себе воспитательное значение. Автор гениального труда является истинной патриоткой, славной дочерью казахского народа с активной гражданской позицией. Такое объективное и масштабное изучение истории родного края стало возможным только благодаря независимости. Этот грандиозный научный труд проливает свет на «белые пятна» истории и, подобно маяку, открывает путь к дальнейшему изучению истории для подрастающего поколения. Тема ядерного разоружения не теряет актуальности и в наши дни, когда в мире нарастает напряженность. В конце 80-х – начале 90-х годов имело место нечто подобное, когда Советский Союз противостоял западу как могущественная империя. И только с распадом СССР ситуация стабилизировалась, Казахстан отказался от четвертого в мире ядерного арсенала. Со слов ветеранов труда, в регионе создан ОФ «Нарын қасіреті». Недавно фондом была организована экспедиция

в село Караоба Казталовского, село Тау Жанибекского, села Сайхин и Бисен Бокейординского районов, а также в Жангалинский район для встречи с очевидцами депортации. Геноцид сурового послевоенного времени пытались прикрыть под громким лозунгом укрупнения хозяйств и в последующем «лжеблагодарности КПСС за ее участие в судьбе народа». Надо отдать должное упорному и самоотверженному труду Бактылы Сансымбаевны, ведь в госархивах практически невозможно отыскать материалов ни по полигону, ни по депортации, так как они целенаправленно уничтожены в эпоху застоя. Тем не менее, по договоренности с нашими земляками ветераны Южно-Казахстанской и Туркестанской областей ведут поисковую работу. В книге указано, что всего расформировано около 300 колхозов: 125 – в Жангалинском районе, 175 – в Бокейординском. Теперь предстоит выяснить, о каких хозяйствах идет речь. Надо отметить, что большую поддержку в данной работе оказал и генеральный директор ТОО «Жайық Пресс» Табылгали Саткалиевич Сапаров, подключив к исследованиям журналистов. Директор областного телеканала «Ақjaiuq» Асыланбек Губашев направил оператора, который снимает фильм.

Теплые слова пожеланий высказали и ветераны Н. Имангалиулы, А. Хамзин, Р. Кубейсинова, М. Жуматова, а также главный специалист городского отдела внутренней политики А. Сисенова. Своими воспоминаниями поделились и очевидцы событий М. Анесов, Н. Имангалиулы, которые знают о полигоне Капустин Яр не понаслышке, так как будучи детьми на то время понимали, насколько тяжело далось их родителям это внезапное переселение в незнакомую местность без крова и имущества. Холодным летом 53-го бокейординцев сажали в поезда и гнали в безлюдную степь либо на хлопковые поля южного Казахстана. Там дети умирали от голода и заразных заболеваний, так как употребляли грязную арычную воду. По воспоминаниям Р. Кубейсиновой, родственники предпочитали умалчивать о депортации. Но, повзрослев, ей удалось узнать горькую правду от отца, когда он возглавил движение «Нарын».

– Академик И.Я. Часников в одной из поездок в Бокейординский район в 1997 году проводил исследования и высказал свою научную точку зрения о последствиях ядерных испытаний на полигоне Капустин Яр. По его мнению, понадобится

около 200-300 лет, чтобы восстановить природные ресурсы края: состав воды, почвы, даже если не брать во внимание воздействие на генофонд. От ядерных испытаний пострадали и жители соседних Волгоградской, Астраханской областей РФ, а также Курмангазинского района Атырауской области (бывший Азгир), ранее это была территория Уральской области, – выразила свою мысль Римма Какеновна.

В книге были использованы архивные материалы, воспоминания очевидцев тех лет. Оценку грандиозному научному труду дали также профессор ЗКИТУ, доктор филологических наук М. Сабыр, профессор ЗКИТУ, кандидаты исторических наук С. Курманалин, А. Байболсынова. В завершение автор подвела итоги многолетнего кропотливого труда, поделившись впечатлениями и мыслями о своем детище – бесценном достоянии истории. Бактылы Сансызбаевна выразила огромную благодарность всем, кто участвовал в презентации, в их числе коллективу областной научной универсальной библиотеки им. Ж. Молдагалиева.

Светлана Садырова
zhaikpress.kz. – 2022. – 18 октября.

ТЫҢҒА ТҮРЕН САЛҒАН ЗЕРТТЕУ

Тарихшы ғалым Бақтылы Боранбаеваны сыртынан білемін. Осыдан бірнеше жыл бұрын Ұлы Отан соғысына қатысқан батысқазақстандық қыз-келіншектер жайлы кітабын оқыған едім. БАҚ беттеріндегі мақалаларынан да азды-көпті хабарым бар. Ізденгіштігін, ғылыми нәтиже алуға қабілеттілігін байқағанмын. Осы ойым қазақ депортациясы жайлы кітабы қолыма тиген соң біржолата бекемделді.

Кітапқа академик М. Қойгелдиев, профессорлар М. Сдықов, С. Смағұлова, М. Каримов пікір жазған екен. Бұл азаматтар көңіл жықпастықпен шала піскен зерттеуді қолдамайтын ауылдан. Баспаға ұсынған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті еліміздегі беделді оқу орны. Міне, осындай сүзгіден өткен еңбектің сапасыз болуы мүмкін емес қой.

Мазмұндық-композициялық тұрғыдан жұмыс үш құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісін Б. Боранбаеваның зерттеулері құрайды. Мұнда Орда ауданының сынақ айлағына қалай айналғаны, қазақ депортациясының географиялық ауқымы мен ұлттық қасіреті риясыз тебіреніспен ашылған.

Екінші бөлікте ата-жұрттан еріксіз көшкен қазақтардың тағдырын суреттеген естеліктер топтастырылыпты. 1952 жылдың жазында жүзеге асқан бұл науқанды қазақтың соңғы көштерінің бірі десек қателесе қоймаспыз. Жазушы Қ. Жұмәділов қазақтар Қытайдан Қазақстанға қуанышпен, сағынышпен жетті десе, сөз қылып отырған зерттеуде республиканың Батысынан Оңтүстігіне тартқан көш жылап-сықтаумен діттеген жеріне жеткені мол деректік негізде дәйектеледі.

Кітаптың басым бөлігін архив құжаттары құрайды. Ордада сынақ айлағын құруға кеңестік билік қаншалықты мән бергенін тағдыранықтағыш құжаттарға Сталин, Молотов, Маленков, Тайбеков, басқа да қол қойғанынан байқауға болады.

Түптеп келгенде, Б. Боранбаеваның «Капустин яр» әскери полигоны: Қазақ депортациясы кітабы – тыңға түрен салған зерттеу. Ол ұлттық тарихымызды ақтаңдақтардан арылтуға, тарихи ақиқат пен әділдікті қалпына келтіруге қызмет етіп тұр.

Жақсы кітап бір күнде жазыла қалмайды. Жақсы кітап күн сайын да жарық көре бермейді. Ғалым қарындасымыз осынау күрделі міндеттің үдесінен шыққан екен. Құтты болсын!

Өтініш – зерттеуді «Азғыр» полигоны тарихымен толықтырғанын қалаймын. Сонда ұзақ жылдар бойы бүркемеленіп келген шындық ашылатыны сөзсіз. Қазақ депортациясы энциклопедиялық басылымдарға, оқулықтарға кіретін уақыт келді.

**Ханкелді Әбжанов,
ҰҒА академигі**

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ АҒДЫРЫ: КЕЗДЕСУ



Ұлы Абайдың туған күні қарсаңында Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, алаштанушы, ғұмартанушы Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы Абай еліне арнайы саяхаттап келді. 9-11 тамыз аралығында Абай елін аралап, Семей қаласында ұлы ақынға арналған шараларға қатысты. 11 тамыз күні кітапханамызда мәдениет саласындағы мамандармен кездесіп, өзінің ғылым жолындағы ізденісі туралы ақпарат берді.

Бақтылы Сансызбайқызы: «Европа елдерінің мәдениеті мен әдебиетінің бірқатар алдыда жүру себебі, олар ең бірінші философияны терең меңгереді. Қазақ даласында ежелден философиялық мектептер болмағанымен, біздің қазақ даласы философ дана данышпандардан кенде емес. Отарланған халық болғасын біздің тереңдігімізді, тектілігімізді терең зерттеген патша өкіметі рухани кедейлендіріп, аздырып тоздыру механизімін жасап, түрлі саясаттарын жүргізді, философиямыздан алшақтатты, Анақарстан бері қарай Қорқыт ата, Ахмет Югнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сынды данышпандарымыз

болды. Хакім Абайдың өзі гректен бері қарай Ахмет Югнеки, Анақарсты оқып, сусындап, өзін өзі жетілдірді. Жоғары оқу орындарында 2019 жылдан бастап қана қазақ философиясын оқыта бастады. Абайдың өлеңдерін жаттап қана қоймай, философиясын ашып оқыту керек» – деді.



Б.Боранбаева өзінің ғылыми еңбегіне арқау болған Алаш қайраткері, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ғалым, ойшыл, саяси қайраткер, ақын-жазушы, публицист, ағартушы-педагог ретінде халық жадында сақталған Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы жөнінде мол мағлұмат берді. Мұсылман дінін терең меңгерген діндарлығы, өз ауылында медресе ашып 1909 жылдары балаларды жаидше (жаңаша) оқытқандығы, елімізде алғашқы болып, «Қазақстан» газетін шығарғандығы жайында баяндады. Ғұмар Қараш Башқұртстанда діни басқарманың 9 ай бойы қазіі болғандығын, Бөкей Ордасына

келген соң 1919 жылы ағартушылықпен айналысқанын, Алаш зиялылары Сейтқали Меңдешов, Нұғыман Манаев және қазақтың дворяны Шәңгереймен бірге 1919 жылы «Қазақ дұрыстығы» деген газеті мен «Мұғалім» әдістемелік журналын шығарғандығын, тілге тиек етті.

Ұлы Отан соғысына қатысқан, Орал өңірінен шыққан 20 қазақ қызы туралы зерттеу еңбегі жайында ақпарат берді.

Шара барысында Семей жері мен өзінің туған елінің тағдырлас екенін айта келе, өзінің сиясы кеппеген «Капустин Яр» әскери полигоны: қазақ депортациясы кітапбын кітапханаға сыйға тартып, кітап мазмұны туралы насихаттап берді.



2022. – 12 тамыз.

<https://semeylib.kz/?p=24411>

ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР АТАҒЫ БЕРІЛДІ



Жуырда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Бақтылы Боранбаеваға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен қауымдастырылған профессор (доцент) атағы берілді.

Бақтылы Сансызбайқызы – «Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси қызметі», «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қыздары», «ХІХ ғасырдың ІІ жартысы ХХ ғасырдың І жартысындағы Орал өлкесінің тарихи мәдениеті» атты монографиялар мен «Отты жылдар қаһармандары» атты естеліктер жинағының авторы. Сондай-ақ автордың «Капустин Яр» әскери полигоны: «Қазақ депортациясы» монографиясы мен «Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (1921-1922 жж.) Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив құжаттары» жинағы көпшілік арасында сұранысқа ие болды.

Гүлсезім Бияшева,
«Орал өңірі». – 2023. – 21 қараша.

ЕЛЕУСІН БҰЙРИН

Баспасөз тарихында тұңғыш рет «Қазақстан» атауымен газет ұйымдастырып, алғашқы санын жариялаған Елеусін Бұйрин есімі - бүгінгі күнге дейін ұрпағына кең таныла алмай отырған тұлғалардың бірі.

Елеусін Бұйрин Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Нарын құмында 1874 жылы дүниеге келеді. Әкесінен жастай айырылып тағдыр тауқыметін ерте тартса да, ауқатты байлардың малын бағып жүріп, ауыл молдаларынан арабша тіл үйренеді. Мұнымен тынбай оқуды ниет еткен Елеусін мал айдаған татарлармен бірге Қазан қаласына келіп орыс-татар байларына жалданып, тіршілік азабын көп көреді. Дегенмен тумысынан зерек бала орыс тілін тез меңгеріп, Қазан мұғалімдер семинариясына оқуға қабылданады. Оқуды жақсы аяқтағаннан соң Астрахань қаласындағы мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. XX ғасырдың басында қазақ қоғамының әлеуметтік - экономикалық және саяси мәселелерді шешуде мерзімді баспасөздің атқарар қызметінің маңыздылығын Ш. Бөкеев, Ғ. Қараш, Б. Қаратаев, С. Меңдешев, М. Шомбалов сынды Бөкейлік қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар шын мәніндегі жалпы ұлттық газет шығару ісіне көп күш жұмсап, газет редакторлығы қызметіне Астраханьда мұғалімдік қызметте жүрген Е. Бұйринді шақырады. Міне, 1911 жылдың 16 наурызынан 1913 жылдың шілдесі аралығында барлығы 18 саны жарияланған «Қазақстан» газетінің тұңғыш шығарушысы Елеусін Бұйринның баспагерлік өмірі осылайша басталған еді. «Қазақстан» газетін ұлтты оятудың құралы деп санаған Е. Бұйрин басылымның алғашқы санында: «Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат - газет! Сол себепті газет біздің басшымыз! Дұшпандарға қарсы құралымыз! Газет біздің білмегенімізді көрсететін - ұстазымыз! Газет біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шам-шырағымыз!», - деп баспасөздің ағартушылық және ұлттық сананы қалыптастырудағы маңызын айқындап береді. Сондай-ақ ол қазақ халқының жаңа заман талабына бейімделу қажеттілігі турасында: «Замана өзгереді, заман шаруаны, адамды өзгертеді. Өзгермесе, жаңаға ыңғайланбаса, ол кейін қалады. Заманымыз өзгеріп отыр, біз де өзгерейік», - деп бүгінгі күн үшін де өзінің құндылығын жоғалтпаған ұлағатты

тұжырым жасайды. Тоталитарлық үстемдік жағдайында «Қазақстан» газетінің шығу тарихы, идеялық саяси бағыты, оның сол кездегі дәуір үніне қосқан үлесі, тіпті басылымның орыс және қазақ тілінде шығуына еңбек сіңірген ұлт қайраткерлері Е. Бұйрин мен Ғ. Қараштың өмірі, қоғамдық-саяси қызметі ұзақ уақыт бойы арнайы ғылыми-зерттеу объектісі бола алмады. Сонымен бірге газет бетінде жарияланған мақалаларды жариялауға да тиым салынды. Дегенмен 1962 жылы зерттеуші ғалым М. Ысмағұлов аталмыш газет туралы деректер негізінде: «Қазақстан» газетінің шығу тарихы және оның идеялық мазмұны» атты көлемді мақаласын жариялайды. «Қазақстан» газетінің көкейкесті арманы оның атынан да көрініп тұрғандай. Бұл туралы қазақ баспасөз тарихын зерттеуші Қ. Бекхожин: «Газеттің «Қазақстан» деп аталуында мән бар. Бұл қазақ жерлерін біріктіріп, демократиялы республика орнату идеясын аңғартады», - деген түйінді пікір айтады. Енді «Қазақстан» газетінің шығу тарихы туралы сөз етсек, мұрағат деректеріне қарағанда 1910 жылы қыркүйек айында ішкі ордалық халық мұғалімі Елеусін Бұйринның газет шығаруға сұраған өтініші бойынша Астрахань губернаторы Соколовский жандарм басқармасына өтініш иесінің бұрын-соңды істі болған-болмағанын, саяси шүбәсіздігін анықтауды тапсырады. Жандармдардың ұзақ тексерісінен кейін Е. Бұйрин 1911 жылдың қаңтарында орыс тіліндегі қосымшасымен, жетісіне бір қазақша «Қазақстан» газет шығаруға рұқсат етілген №618-ші куәлікке ие болады. Газеттің негізгі редакциясы Ордада болған. Орыс және қазақ тілінде әзірленген материалдарды Е. Бұйрин мен Ғ. Қараш поезбен Астраханьға жеткізіп отырған. Ал кейбір деректердегі «Қазақстан» газетінің бірінші және екінші саны Ордада (Орда қаласы деп те жазылып жүр - Б.Б.) шығарылғандығы туралы бірыңғай пікірлердің қалыптасуына зерттеуші М. Ысмағұловтың: «Орыс қаріптері Орда қаласындағы Щелкова баспаханасынан, араб қаріптері сол жылдардағы Мұхаммедғали Мусин дейтін саудагер татардан сатып алынған. Осы құрал-жабдықтардың көмегімен «Қазақстан» газетінің алғашқы саны 1911 жылғы 16 наурызда Ордада басылған деген тұжырымы негіз болуы мүмкін. Алғашқы санынан кейін «Қазақстан» газеті қаржы тапшылығынан кешігіп шығады. Өйткені газеттің бұл жолғы санына керекті қаржыны, әзербайжан мұнай кәсіпкері Зейнел-Ғабиден Тағиевтен сұрау үшін газет редакторы Елеусін Бұйрин мен Ғұмар Қараш

Бакуге аттанады. Кейін Ғұмар Қараштың «Баку» деп аталатын мақаласында: «Ақ ниетіміз құрметіне Алла тілегімізді оңғарып, барған хатымызды хош алды, «Қазақстанға» мың сом жәрдем берді, аталық сифатынан ағып шыққан сөздерін айтты. Амандасып айырылысар жерде «Қазақ баласына менен сәлем - дәулет менікі емес миләттікі» деген сөзін айтып көзіне жас алды... Хұдай тағала ғұмырларын ұзақ етіп, осындай адамдарымызды көбейтсін», - деп жазды. Сөйтіп, «Қазақстан» газетінің тұңғыш редакторы Е. Бұйрин мен Алаш қайраткері Ғ. Қараштың жанқиярлық еңбегінің арқасында 1911 жылдың 27 мамыр күні «Қазақстан» газетінің екінші саны жарыққа шығады. Сонымен екі саны шығарылғаннан кейін «Қазақстан» газетінің Астрахань, Орда кезеңі аяқталып, енді алты айдан соң 1911 жылдың қараша айынан бастап газеттің кейінгі 16 саны Орал қаласындағы Самар және Сақмар көшелерінің қиылысындағы (қазіргі Чапаев көшесі, 39-үй) татар қайраткерлерінің газет, журнал шығарып тұрған баспаханасынан басылып шыға бастайды. Бұл жөнінде «Теке хабарлары» (1911. №1, 15 қараша) атты мақалада газет редакциясының Теке (Орал) қаласына көшкендігін арнайы хабарлаған. Орал қаласында «Қазақстан» газетін шығаруды жалғастыруды мақсат еткен Е.Бұйрин 1912 жылдың сәуір айында қазақтың бір топ зиялыларын жинап, астыртын мәжіліс өткізеді. Газетке қаржы табу мәселесін талқылаған топ мүшелері әрқайсысы 20 сом көлемінде жарна жинап, ай сайын 175 сом жинауға келіседі. Осы жиылыстан кейін қаржы табу үшін Барлыбек Сыртановпен байланысып Ғ. Мұсағалиев Жетісу өңіріне жіберіледі. Е. Бұйрин редакторлығымен шығып отырған «Қазақстан» газетінің бетінде жарияланған мақалалардың мазмұнына көз жіберсек қазақ елінің хал-ахуалын, тіршілігін, сол кездегі шаруашылық жәйін ұғынуға және бейқам отырған елді өнер білімге, мәдениетке, өзге елдердің озық тіршілігіне қарап үлгі алуды үндеген прогрессшіл - демократиялық ізгі ниетті анық аңғаруға болады. Мәселен «Қайсысы пайдалы?» (1912. №6, 7 февраль.) деген мақалада автор отырықшы елдердің тұрмыс тіршілігінен мысалдар келтіре отырып, отырықшылықтың артықшылығын айтып, көшпелі өмірдің зиянын көрсеткен. Ал «Балаларды қай оқытумен оқыту керек?» (1912. №7, 21 февраль) атты мақала мазмұнында оқу-ағарту мәселесі сөз етіліп, әр қаладағы оқу орындарының мекен жәйі туралы мәліметтер

берілген. Сондай-ақ орыс ақыны А. В. Кольцовтың «Ұйықтап жатамысың қара шекпен?» («Что ты спишь мужичок?») 1911. №1, 16 март) атты өлеңін: (Өлең мазмұны қысқартылып берілді - Б.Б.) «Ұйықтап жатамысың қара шекпен. Жарық жаз қайта келді былтыр өткен... Білмеймін не ойлап жүрсің сенің өзің. Тап-тақыр шарбағың тұр босқа жайнап Кеткендей шоланың тұр шайтан жайлап. Сандығың мынау жатқан төңкеріліп, Үйің тұр қарт кемпірше белі бүгіліп, Жарқыным болар енді, ұйқыңды аш», - деп аударып қазақ жұртын жалқаулықтан арылып, еңбек етуге шақырады. Сонымен бірге «Қазақстан» газетінің әлем елдерінде болып жатқан саяси оқиғалар туралы «Стамбулдан оқиға шыққан», «Соғыс», «Лена оқиғасы» т.б. хабарлар арқылы халықтың саяси санасын оятуға деген ұмтылысы байқалады. Газеттің әр санының басында мақсатымыз: «кәсіп ету, ғылым үйрену» деп көрсете отырып, басылым бетіне мәдени жаңалықтар, ғылым жетістіктері, жаңа шыққан кітап, газет, журналдар туралы хабарларды жиі беріп отырған. Жаңа кітап демекші «Жаңа шыққан кітап» (1913. №2, 16 февраль) делінген хабарда «Ызың» атты кітаптың басылып шыққандығын хабарлайды. Ал бұл еңбектің авторы: «Әу, қазақ! Мінеки 20 ғасыр болды. Сен қашан қатарға кеп ел боласың. Әлі күн көрінбейді нәрсең оңды. Сен болдың арнамысты қолдан берген. Құр қалып қарап тұрып бар өнерден Сен қашан қатарға кеп ел боласың Былайғы кеме айдайды қара жерден Сен дейін лайқатпа данышпанға Осынша күлкі болу дос-дұшпанға», - деп қалың ұйқыдағы халықтың мазасын алып, оятуға асыққан Елеусін Бұйринның өзі еді. Міне, осылайша ұлт жанашыры бола білген редактор Елеусін Бұйрин бастаған өлкедегі Алаш қайраткерлерінің жан қиярлық еңбегі арқасында шығып тұрған басылым ақыры қаржы тапшылығынан 1913 жылы 18 санынан кейін жабылып тынады. Аз уақыт шықса да өңірдегі ұлт тіліндегі баспасөздің көш бастаушысы ретінде танылған бұл «Қазақстан» газеті болашақтағы шынайы басылымдардың шығар күнін жақындата түскені анық. Қазақ халқының жарқын болашағын ойлаған Е. Бұйринның Кеңес өкіметі тұсындағы қайраткерлігі де анық көрінеді. Мәселен Батыс Қазақстан облыстық мұрағат қорында сақталған 1920 жылы 15-26 мамыр аралығында өткен IV Бөкей губерниялық сиезінің 277 парақтан тұратын құжатында С. Меңдешев, Ғ. Қараш, А. Оразбаева сынды қайраткерлермен бірге сиез делегаты Е. Бұйринның да мына

мазмұндағы сауалнама жауабы сақталған: «Бюрин Илеусин. 44 лет. Мандат. От К-Самарской части. №1512 Должность следователь. До Октябрьской революций скотовод» Міне, кеңестік билік кезеңінде Е. Бұйрин құқ қорғаушы адвокат, Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты қызметкері, кейін Алматыдағы Орталық музейдің ғылыми қызметкері қызметтерін атқарады. Кейін Е. Бұйрин сол тұстағы зобалаңнан қауіптеніп, 1932 жылы күзде 10 жасар қызы Софьяны ертіп Сталинабадқа кетуге мәжбүр болады. Алайда ұлт қайраткерінің Тәжік КСР Атқару комитетіне жазған мына соңғы өтініш хаты оның жат жерде небәрі жеті – сегіз ай өмір сүріп, аштықтың құрбаны болғандығын аңғартады. 1933 жылғы маусым айында жазылған хат мазмұны төмендегідей: «Я с осени прошлого года состоял инспектором Центрального архивного управления при ЦИК Тадж. ССР. А так как пошатнулось у меня здоровье, от 16 апреля с этого года уволился от должности. Дочь моя Гайша перешла на 4 курс медицинского факультета в Москве. Сын мой Анвар (Әнуар – Б.Б.) перешел на 2 курс института цветного металла в Москве. С тех пор как я уволился голодаю. Дочь София уже слегла от голода. Словом, грозит голодная смерть. Я сам еле хожу». Е. Бұйриннің өзін қолға түсіре алмаған НКВД 1933 жылы Бұйриннің 18 жасар ұлы Әнуарды Мәскеуде тұтқындап, оқудан шығарып, анасымен және алты жасар қарындасы Хадишаны бірге Тагилден 40 шақырым жерде ормандағы «III интернационал» кенішіне қара жұмысқа жөнелтеді. Ал 21 жасар қызы Ғайшаны да институттан аластатып, Свердловскге жер аударды. Қиындық пен қорлық көрген отбасы 1937 жылы ғана лагерьден босанып, Алматыға келеді. Осылайша шын мәніндегі қазақтың тұңғыш ұлттық мерзімді басылым редакторының өзі ғана емес ұрпағы да тағдыр тәлкегіне түсті. Дегенмен қазір Алматы қаласында тұратын Е. Бұйриннің ұрпақтары мамандығы геолог барлаушы немересі Валерий Әнуарұлы мен кенже қызы биология ғылымдарының докторы Хадиша Егізбаевадан өрбіген жиендері аталарының есімін мақтан тұтады. Қорыта айтқанда, «Қазақстан» газеті қазақ халқын оқу-білімге шақырған, отырықшылық өмірге, мәдениетке үндеген, халықтың саяси ой-санасын өсіруде елеулі рөл атқарған прогресшіл бағыттағы маңызды басылым болды. Міне, осындай басылымның тұңғыш редакторы болған Елеусін Бұйринды бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің жас ұрпағы XX ғасыр басындағы қазақ

халқының қоғамдық-саяси ұлттық мүддесін қорғауда баспасөз басылымын құрал еткен ірі тұлға деп танып, құрметтеуі тиіс.

Б.С. Боранбаева,
Түркістан. – 2012. – 2 ақпан. – №5. - Б. 11.

ҚИЫР ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес армиясының қатарында қазақтың ұлдарымен бірге қыздары да гитлершілдерге ғана қарсы күрескен жоқ, сондай-ақ олар Қиыр Шығыс майданында да жапондармен шайқасты.

Жалпы, Қиыр Шығыс майданында жапон милитаристеріне қарсы жүргізілген соғысқа Қазақстаннан қанша қыз-келіншектің қатыстырылғаны туралы нақты дерек анықталған жоқ. Дегенмен Орал өңірінен майданға қыздардың көптеп аттанғаны туралы деректер бар. Мәселен, майдангер ана Қаламсия Ермекова: «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» десе, Қаным Әлмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиеп Қиыр Шығысқа алып кетті», деп жазылған. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Валентина Суворова: «1942 жылдың шілдесінде Орал өңірінен әскерге 300 қыз шақырылды. Эшелон Оралдан Қиыр Шығысқа бет алды. Эшелонға әрбір стансадан қыздар тиелген екі-үш вагоннан қосылып отырды, Хабаровскіге 52 вагон болып жетті...», деп жазады. Бұл деректерден Қиыр Шығыс майданына қазақстандық мыңдаған жауынгер қыздың қатысқанын аңғаруға болады...



Майдантастар ортасында. Үмітай Есқалиева (3-қатар оң жақта бірінші), Қаным Әлмағамбетова (3-қатар оң жақта үшінші). Корея. Хедзио қаласы. 1945 жыл 10 қазан

Десантшы Қаламсия

Қаламсия Ермекқызы 1921 жылы Орал облысы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жастайынан тіршілік тауқыметін көріп өскен. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда екі ағасы соғыстың алғашқы күндері майданға аттанып, хабарсыз кетеді. Қаршадайынан қиындықты еңсере білген бойжеткен анасының қарсылық білдіргеніне қарамастан, екі ағасының кегін алмақшы болып, өз еркімен майданға баруға бел байлайды. Әуелі Жымпитыдағы екі айлық өзін өзі қорғау курсы тәмамдаған Қаламсия аудандық әскери комиссариаттың табалдырығын тоздыра жүріп, ақыры «он күндік жол азығыңызды алып келіңіз» деген шақырту қағазын алады.

Қ. Ермекова маршал Р. Малиновский басқарған II Қиыр Шығыс майданының десантшылар армиясының құрамында Жапония басқыншыларына қарсы соғысқа қатысады. Жауынгерлік өмірі туралы ол: «Қалың орман арасында десантшы да, барлаушы да болдық, түнгі күзетте де тұрдық, деп жазады.

Жауынгер қыз Березовка деревнясының маңында 1945 жылдың 15 қыркүйегінде соғысты аяқтап, елге аман-есен оралады. Жауынгерлік ерліктері үшін II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені және «Кеңес Одағының Маршалы Г. К. Жуков» медалімен марапатталады. Майдангер ана елге жеңіспен оралған соң, бейбіт өмірге араласып, балалар үйінде тәрбиеші болып қызмет етеді. 1946 жылы соғыс ардагері Самифолла Машаевпен бірге шаңырақ көтеріп, бес бала тәрбиелеп өсіреді. Десантшы жауынгер ана 96 жасқа қараған шағында 2018 жылы 9 мамыр мерекесі қарсаңында дүниеден озды.

Жауынгер қос құрбы

Сын сағатта ерлермен бірге қолына қару алып, майданға аттанған Жымпиты ауылынан, яғни Сырым бабаның туған жерінен шыққан жауынгер қос құрбы туралы біреу білсе, біреуі біле бермейтіні анық. Өйткені олар Отанды қорғау әркімнің де парызы деп санап, өздерінің жауынгерлік өмір жолдарын көпшілікке ерекше мақтанышпен айта бермеген.

Мүслима Үмбетова 1923 жылы, ал Әзима Ниязғалиева 1925 жылы Орал облысы Жымпиты ауылында дүниеге келген. Бір

көшенің бойында көрші тұрған олар 1-сыныпқа бірге барады. Мұслима соғысқа дейін ауылда есепші болып жұмыс істейді.

Соғыс басталған кезде, қос құрбы өз еріктерімен майданға сұранып, Жымпиты аудандық әскери комиссариатына өтініш береді. Соғысқа құрбысымен бірге кетуді ойлаған Әзима әскери комиссариатқа жазған өтінішінде жасын бір жасқа ұлғайтып, туған жылын 1924 деп көрсетеді. Сөйтіп өтініштері қабылданған құрбылар 1942 жылы 22 маусымда майданға аттанады. Әзима Ниязғалиеваның анасы қызының кесіп тастап кеткен тоқпақтай екі бұрымын төрге іліп қояды.

Жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданындағы №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің құрамына алынады. Владивосток, Лесозаводск қалалары бағытындағы жапон милитаристерімен болған ұрыстарға қатысады. Бұдан басқа қос құрбы Уссури өлкесіндегі қалың орман арасына жасырылып қойылған әскери ұшақтар мен әскери базаларды күзетеді, сондай-ақ зениттік батареяға оқ дайындайды. Жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы адалдығы мен тындырымдылығы үшін жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданы қолбасшысының Алғыс хатына ие болады. Взвод командирінің көмекшісі, кіші сержант М.Үмбетова майдандағы өмір жолдары туралы жазған естелігінде: «Уссуридің қатал қысы мен күзгі лайсаң жаңбырының астында тұрып, самолет қарауылдаған кез аса қауіпті болатын, түн қараңғысы енген шақта кірпік қақпай тұратынымыз естен кетпейді. Біз бәрі де Отан үшін, бәрі де туған ел үшін емес пе, несіне аянамыз деп намысқа тырыстық», деп жазады.

«Отан қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған жауынгер қыздар 1945 жылы тамыз айында аман-сау елге оралады. Елге келіп, бейбіт өмір тіршілігіне араласқан Әзима Ниязғалиева 1946 жылы соғыс ардагері Арон Қонақбаевпен отау құрып, 6 ұл мен 2 қыз тәрбиелеп өсіреді. Майдангер ана 1988 жылы өмірден озғанға дейін Жымпиты ауданы орталығындағы №166 (қазір №19 кәсіптік лицей) техникалық училище қызметкері болып абыройлы еңбек етті.

Ал Мұслима Үмбетова соғыстан кейін Жымпиты аудандық кеңесі атқару комитетінің құрамында, одан кейін аудандық, ауылдық байланыс бөлімшелерінде оператор, ал 1963 жылдан 1978 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін XXII Коммунистік

партия съезі атындағы кеңшарда байланыс бөлімшесінің меңгерушісі болды.

Қаһарман Қалампыр

Қиыр Шығыс майданында соғысқа қатысқан жауынгер қыздардың бірі – Қалампыр Ахметова 1920 жылы Жымпиты ауданы К.Маркс ауылында дүниеге келген. Ағасы Жәрдем екеуі ата-анасынан жастай жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленеді. 1936 жылы 16 жасында ауыл баспаханасында әріп теруші болып еңбек жолын бастайды. Кейін кітапханашы қызметін атқарады.

Соғыс басталғанда өзі еркімен сұранып, Қиыр Шығыс майданына аттанады. 89-шы авиациялық полк құрамында 120-шы әуе қызметін қамтамасыз ету батальонында әскери міндетін атқарады. Бұл туралы майдангердің мектеп пионерлерімен кездесуінде сөйлеген сөзінде: «...Мен өзім сұранып армия қатарына алындым. Біз Отанымыздың қиыр шеті Владивосток жағы, Приморьеде қызмет еттік... ..Біз бұл соғыста жапон армиясын тас-талқан етіп жеңдік...», дегені бар.

Майдангер ана II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медалімен марапатталған. Соғыс ардагері Исмағұл Иманғалиевпен отау құрады. Зейнет демалысына шыққанға дейін Жәнібек ауылындағы мектеп жатақханасының бас аспазы болып еңбек етеді.

Соғысты Кореяда аяқтаған

Жапонияны тізе бүктіруге қатысқан қиыршығыстық кеңес жауынгерлерінің қатарында Қаным Әлмағамбетова мен Үмітай Есқалиева да болды. Дәлірек айтқанда, қыз-келіншектерден құралған, аэродром қызметін қамтамасыз ету батальоны құрамында байланысшы болған олар соғысты Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, елге жеңіспен оралады.

Өзінің ғұмырбаянында Қаным Әлмағамбетова 1921 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданы Базартөбе ауылында дүниеге келгенін жазған. Бір жасында әкеден, жеті жасында анасынан айырылған Қаным ағасы Мұхамбетжан екеуі туыстарының қамқорлығында болады.

Ел басына күн туған шақта Қаным көп ойланбастан майданға сұранып, әскери комиссариатқа өтініш жазды. Өтініші қабылданып, майданға аттанған жауынгер қыздың Қаратөбе аудандық архив қорындағы ғұмырбаянында: «1942 жылдың август айында өз еркімізбен соғысқа сұрандық. Тайпақ ауданынан менімен бірге 10 қыз аттанды. Оралдан 1 эшелон қызды тиеп, Қиыр Шығысқа алып кетті. Лесозаводск деген жерде, кейін Киров ауданы территориясындағы орман ішінде 3 жыл бойы аэродром қызметін қамтамасыз ететін әйелдер батальонында болдық. 4 жыл бойы өзіммен бірге болған Үмітай Есқалиева екеуміз өмір соқпағын бірдей көрдік. Аэродром күзеттік. Ұшып келген истребительдерге көрсетілетін қызметтерді атқардық», – дейді. Сондай-ақ ол жауынгерлік өмір жолдарын еске ала отырып: «Таңғы сағат 6-дан түнгі 11-ге дейін қарлы-жауынды ауа райына қарамастан оқ атуды, пышақ шаншуды, жер бауырлап жылжуды, өзеннен өтуді, байланыс аппараттарын қолдануды үйренеміз. Аптасына екі рет толық әскери қарумен 20-40 шақырымдық жүгіру міндетін орындап тұрдық. 1945 жылы қыркүйекте Жапон милитаристеріне қарсы соғыс басталғанда біздің батальонды Кореяның Хедзео деген қаласындағы аэродром күзеті мен қызметіне ауыстырды», деп жазады. Сөйтіп соғысты Корея жерінде аяқтап, 1945 жылы желтоқсанда елге оралған Қаным Әлмағамбетова жауынгерлік ерлігі үшін II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені және Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатымен марапатталды.

Соғыстан кейін Жымпиты, Қаратөбе ауылдарында есепші қызметін атқарды.

Ал Үмітай Есқалиева 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы Калмыков ауылында дүниеге келген. Ол бір жасында әкесінен, ал он үш жасында анасынан айырылып, ағасы Ораздың қамқорлығында өседі. Ол 1941 жылы алдыңғылардың бірі болып соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен ағасының кегін алмақшы болып өз еркімен майданға сұранады. Сөйтіп, 1942 жылы 24 шілдеде Қиыр Шығыс майданына аттанған Үмітай Есқалиева 35-армия құрамындағы 120-аэродром қызметін қамтамасыз ететін әйелдер баталонында автоматшылар ротасында байланысшы болады. 1945 жылы қыркүйек айында жоғарыда айтылғандай, Қаным Әлмағамбетовамен бірге Кореяның Хедзео

қаласына ауыстырылып, 1945 жылы желтоқсанда елге бірге оралады.

Жауынгерлік ерлігі үшін сержант Үмітай Есқалиева Жоғарғы бас қолбасшы Сталиннің Алғыс хатын, сондай-ақ II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» және «Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков» медальдарымен марапатталды. Соғыстан соң бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер ана Калмыков ауылында ұзақ жылдар бойы сауда саласында еңбек етті. Соғыс ардагері Халықберген Құлшықовпен отау құрып 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары білімді.

Әскери көлікті тізгіндеген бойжеткен

Слухия Сарқұлова 1923 жылы Орал облысы, Жаңақала ауданында дүниеге келген. Соғыстың алдында ғана, яғни, 1941 жылы 15 маусымда төрт сыныптық қана білімі бар Слухия Переметное ауылындағы автокөлік жүргізушілер курсына жіберіледі. 1942 жылы 15 қаңтарда курсты тәмамдап, ауылға келген ол техника жөндеушісінің (механик) көмекшісі болып жұмысқа кіріседі. Осылайша, 1942 жылы жазда өз еркімен сұранып, майданға аттанады. Ол Қиыр Шығыс майданында Хабаровск өлкесі Иман қаласында №189 автокөлік полкінің №600 ұшақтарға қызмет көрсету батальонында әскери машинамен миналар, снарядтар тасу, бомбалаушы ұшақтарды сүйреп қыздыру сияқты әскери қызмет түрлерін атқарады.

Майдангер С. Сарқұлованың жауынгерлік өмірі туралы жазған ғұмырбаянында: «Әскери өмірім Қиыр Шығыста Хабаровск өлкесінің Иман қаласынан басталды. Кеңес армиясы қатарында 1942 жылдың 23 маусымынан ұшақтарға қызмет көрсету батальонында қызмет еттім. Соғысты Жапон елінің Ханкель портында аяқтадым. Жарақатым жоқ. Шенім – ефрейтор. Соғыстың алғашқы кезеңінде, орыс тілін білмей қиналдым. Бірақ орыс полктастарым маған үнемі көмектесіп отырды. Майданда көрген қиындық пен азапты күндерім ұмытылмайды. Қасымдағы шофер Анна Фадеева екеуміз 3 күн адасып бөлімшені зорға тапқанымыз әлі есімде. Ас-суссыз адасып жүргенде жолдан жапон галетін (ұннан жасалған печенье) тауып жегенбіз. Галет уланған болып шықты. Мен қатты ауырдым. Бірақ Анна мені далаға

тастамады. Жолдағы бір ауылға апарып, әрең дегенде сүт тауып әкеліп, емдеп есімді жиғызды», – деп жазады.

Қаһарман қыз 1945 жылы 20 қарашада аман-сау елге оралды. Бейбіт өмірде ветеринарлық санитар, далалық бригада есепшісі сияқты түрлі қызметте істеді. 1953 жылы 3 наурызда Подтяжки ауылдық кеңесінің төрағасы болып тағайындалған ол бұл қызметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 25 жыл атқарды.

Майдангер С. Сарқұлова Ұлы Отан соғысының мерекелік медальдарымен қатар, кеңестік қоғам қайраткері ретінде «Құрмет белгісі» ордені, «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.

«Адамдар бір-біріне өзара қарыздарлығын әрқашанда ойлай жүрулері керек. Әсіресе Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білуі қажет. Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүргінде сақталған ер ғана бақытты», деп батыр Б. Момышұлы айтқандай, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі жауынгер аналардың есімін мәңгілік мақтаныш етеді, құрмет тұтады.



Майдангер ана Қалампыр Ахметова (ортада) қаруластарымен бірге



*Қиыр Шығыс майданы. Жауынгер Слухия Сарқұлова. 1944 ж.
Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық музейі қорынан
алынды*



Қиыр Шығыс майданына қатысқан десантшы Қаламсия Ермекова/ автордың жеке архивінен алынды



Қиыр Шығыс майданына қатысқан майдангер аналар Әзима Ниязғалиева (сол жақта), Мүслима Үмбетова. 1983 ж./ автордың жеке архивінен алынды

Бақтылы Боранбаева,

Егемен Қазақстан. - 2020. - №46. - 6 наурыз. - Б. 9.

БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ



Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқын тағы бір зұлмат ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921 жылғы қыста қардың, жазда жауынның болмауы кеңес елінің көптеген өңірлерін әсіресе, Еділ бойы аудандарын құрғақшылыққа ұшыратып, оның соңы ашаршылық нәубетіне әкелді. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшырады [1, 184 - б.]. Осы тұста Бөкей губерниясының халқы да 1920-1922 жылдары аралығындағы ашаршылық қасіретін басынан өткізгенін Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған тарихи деректерден анық көреміз.

Мәселен, Бөкей губерниялық Кеңесі атқару комитетінің 1920 жылы 16 наурыз күні өткен мәжілісінде Қамыс - Самар уезі, I Теңіз округі мен Нарын қисымындағы ашаршылыққа ұшыраған халықтың ауыр жағдайы туралы Қамыс-Самар уездік атқару комитетінің өкілдері Жүсіпқалиев пен Б.Жанекешовтың баяндамасы тыңдалалып, ашыққандарға көмек ұйымдастыру үшін I Теңіз округіне Шынтаев пен Дыбысқалиев, Қамыс-Самар қисымына Н. Залиев, Нарын Қисымына Измайлов сияқты партия қызметкерлерін жіберу туралы шешім қабылданады. Сонымен бірге өлкедегі қалыптасқан аса ауыр жағдайды мәлімдеп,

Москвадағы қырғыз (қазақ – Б.Б.) өкілдігі арқылы 3 мекенжәйға төмендегідей жеделхат жөнелтіледі.

Срочно

Вне очереди

Три адреса

Москва

Наркомтрудособез

Наркомпрод

Телеграмма 20 марта №610

«Букеевский Губисполком донося ужасающем положении населения частях Букстепи освобожденных белогвардейцев просил для спасения голодающих экстренной помощи Центра отпуском 100 млн рублей и предоставления вне всякой разверстки наряда на Букстепь на предметы продовольствия. До сих пор нет ни ответа, ни помощи. Губисполком вновь настойчиво просит спасти умирающих от голода срочным распоряжением оказания нужной помощи.

№986 26 апреля 1921г.

Пред. Букеевского Губисполкома Бергалиев

Член секретарь Чинитаев» [2, 4-п.].

Сондай-ақ Бөкей облыстық Қамыс-Самар уезі азық-түлік комиссарының жазған мына мәлімдемесі өлкедегі ашаршылықтың негізгі себебтерін аңғартады: «В 1919 году в декабре месяце в Камыш - Самарской части были восстановлена Советская власть. В тоже время был основан продовольственный отдел, который и функционировал по май месяц 1920 года. Экономическое положение уезда к этому времени приблизительно был токовое: Камыш-Самарская часть, как граничащая с Уральской областью естественно больше всего подвергалась опустошению со стороны Уральского казачества, которое вело упорную, гражданскую войну против Советской власть. В этом урагане гражданской войны Уральское казачество брало из Камыш-Самарского уезда все: скот для продовольствия и транспорта, сено для фуража, хозяйственный инвентарь телеги, сбрую, кошмы, седла и также хозяйственные принадлежности» [3, 159-п.]. Демек, біріншіден, азаматтық қарсыласу соғысы, өлкедегі ақ гвардияшылар мен казак әскерлерінің жергілікті халықты қырып-жойып тонаушылық көрсеткен қиянаты, озбырлығы, екіншіден, өлкеде орны алған қуаңшылық, жүт салдарынан жаппай малдың қырылуы 1920-1922 жылдары Бөкей губерниясының халқын ашаршылыққа ұшыратып, күйзелтті.

Тарихи осы кезеңде Бөкей губерниясындағы жылқы саны 146,0 мыңнан 49,0 мыңға, ал қой басы 1,3 миллионнан 0,4 миллионға кеміген. Сөйтіп, 1921 жылы Бөкей өлкесінде соғысқа дейінгі мал санының 20% ғана қалады [4, 109 - б.].

Ашаршылыққа ұшыраған елдегі халықтың ауыр жағдайын сол кезеңде Тарғын уездік Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған Х. Чурин: «1919-1921 жылдарда әсіресе Бөкей губерниясы мен оған шектес облыстарда бандалық күшейіп кетті. ... 1921 жыл өте ауыр болды. Волга және Бөкей губерниясында болған қуаңшылық салдарынан халық ашаршылыққа ұшырады. Аштықпен қабаттасып, сүзек, тырысқақ аурулары етек алды. Бөкей губерниясының оңтүстік шағыл құмды бөлегінің жағдайы өзгелерден біршама тәуір болды. Олар құмда өскен құмаршықпен күнелтіс жасады. Бұл аймақта мал жайылымы да жақсы болды. Ал облыстың құрғақ далалы Тарғын, Таловка, Жаңақала уездерінің халқы ашаршылықтан мықтап жапа шекті. Бұл елдер қолындағы бар малын сойып алды. Бірақ астықсыз бір ғана ет адамға жөнді азық бола алмады. 1921 жылдың аяқ кезінде көптеген семьялар әбден ашығып өле бастады. Жұт жеті ағайынды дегендей, осындайда жау жағадан алып, ақ гвардияшыл бандалар да жауыздықты өршітті. Олар онсыз да ашығып отырған халықтың ақтық астығын, малын тартып алып, талан таражыға түсірді» [5,104- б.], - деп баяндайды.

1921 жылдың жазында тағы да қуаңшылық болып, Кеңес елін, әсіресе Повольжені тұтас аштық жайлады. Жалпы деректерге жүгінсек, 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 миллионнан астам адам ашаршылық нәубетіне ұшыраған [1, 184- б.].

РК(б)П Орталық Комитеті 1921 жылы 17 шілдедегі арнайы үндеуінде елдегі ашаршылықтың себебін: «Ашаршылық – тек құрғақшылық нәтижесі емес, оның себебі аграрлық сектордың артта қалуында, ауыл шаруашылық білімі деңгейінің төмендігінде, ауыспалы егіс нысандарының ескілігінде, бұл соғыс пен әскери қоршаудың, сондай-ақ помещиктер мен капиталистердің және олардың отаршыларының бізге қарсы күресінің бәсеңсімей отырғанының да салдары» деп түсіндірді. Алайда, үндеуде айтылған бұл себептермен қатар, жаппай ашаршылық Кеңес өкіметі қатаң жүргізген, халық шаруашылығына, әсіресе ауыл шаруашылығы саласына қатты соққы болып тиген «Әскери

коммунизм» саясатының нәтижесіндегі төтенше экономикалық жағдайларға да байланысты туындады [1, 185 - б.].

Өйткені соғыс жағдайында қабылданған «Әскери коммунизм» саясатының негізгі мақсаты – азық-түлік салғырты болғандықтан Қызыл Армияның мұқтаждары үшін ауыл шаруашылық өнімдері шаруалардан жинап алынып отырды. Большевиктердің жүргізген азық-түлік саясатындағы астықты «дым қалдырмай» жинап алу принципі аграрлық өндіріске кері әсерін тигізді. Сондықтан амалы таусылған шаруалар енді өнім көлемін қысқартып, өзін-өзі қамту қамына көше бастады. Артық өнім өндіруші шаруашылықтар санының күрт азайып, шаруалардың егіс алқабын қысқартуының мемлекет үшін зардабы ауыр болды. Экономиканың табиғи зардабын елемеу, шаруаларға үнемі қысым көрсетіп, зорлық жасау ауыл шаруашылығын ауыр күйзеліске ұшыратты.

Мәселен, РК(б)П ОК ҚАКСР-дің азық-түлік органдарына жіберген конспирациялы үндеуінде: «Сіздер азық-түлікті аштар үшін тойғандардан ғана алып қоймаңыздар, сонымен қатар жартылай аш жалаңаштардан да алыңыздар. Сіздерге басқаша жасау мүмкін емес. Еңбекшілердің аш майданындағы солдаттар сияқты сіздер қатты, иілмейтін, қатаң, кейде қатыгез болуларыңыз керек» [6, с. 45], - деп қатаң ескертті.

Азық-түлік салғыртын жинаудағы мұндай әміршіл-әкімшілік күш көрсетуді Қызыл Ту газеті: «Азық-түлік салғырты ешнәрсемен санаспастан тұрғындардың қолындағы ең соңғы азық-түлігін тартып алу жағдайында жүріп жатыр» [4.109 - б.], -деп жазды. Міне, күштеу механизмі негізінде шаруалардан артық астық қана емес, тұқымдық, тіпті күнделікті жейтін астық та тартып алынып отырды. Репрессияға ұшырамау үшін шаруа байғұс азық-түлік салғыртына қолдарындағы тұқым қорында тапсыруға мәжбүр болып отырған. Бұл шаруашылықтардағы тұқымдық астықтың жойылуына әкеліп соқтырды. Оның үстіне салғырт мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақ ауылдарына да салынғандықтан егін салмайтын қазақ малын сатып, ақшасына бидай алып мемлекетке өткізуге мәжбүр болды.

1920 жылғы салғырт бойынша Орал губерниясынан 1.5 млн. пұт астық тартып алынды. Бұған ет және тағы басқа қосымша салықтар қосылды. Осындай саясаттың нәтижесінде 1921 жылы

Қазақстанның көптеген аудандарын аштық жайлады. Астық шықпаған Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губернияларында 1921 жылы бар болғаны 4719391 пұт астық жиналды, ал күн көріс үшін 22105864 пұт астық қажет болатын, мұның өзі жеті есе артық еді. Осылайша 17,5 млн. пұт астық күнкөріске және тұқымға жетпей қалды [7, 163-б.].

Демек, 1921 жылдың тамыз айында Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал және Қостанай губерниялары мен бірге Бөкей губерниясы да аштықтан зардап шеккен аймақтар тізіміне ресми түрде енгізілді [1,185-б.]. Бұл губернияларда ашаршылық 1558927 тұрғыны бар 1048100 шаршы метр аумақты қамтып, барлық ашыққан адамдар саны 1508900, оның ішінде 176500 адам Бөкей губерниясының үлесіне тиеді [8, 3- п.].

1921 жылдан бастап Бөкей губерниясында, әсіресе Тарғын, Талов уезінің жерлеріндегі ашаршылық қасіреті туралы Х. Чурин «Дауылды жылдарда» атты еңбегінде: «Бөкей губерниясының тек солтүстік шағыл құмды бөлегінің жағдайы өзгелерден біршама тәуір болды. Олар құмда өскен құмаршықпен күнелтіс жасады. Бұл аймақта мал жайылымы да жақсы болды. Ал облыстың құрғақ далалы Тарғын, Таловка, Жаңақала, уездерінің халқы ашаршылықтан мықтап жапа шекті. Бұл елдер қолындағы бар малын сойып, алды, бірақ астықсыз бір ғана ет адамға жөнді азық бола алмады. 1921 жылдың аяқ кезінде көптеген семьялар әбден ашығып, өле бастады. Жұт жеті ағайынды дегендей, осындайда ақ гвардияшыл бандылар да жауыздықты өршітті. Олар онсыз да ашығып отырған халықтың ақтық астығын, малын тартып алып, талан-таражыға түсірді», - деп баяндайды. Сондай-ақ аштық аптын көзімен көрген ол: «1921-1922 жылдардың қысында адамдар аштан көп өлді. Уезд орталығы болған кенттің көшелерінде біз таңғы сағат 5-6-ларда кейде ондаған адам өліктерін жинайтынбыз. Мынандай бір оқиға менің есімде қалыпты. 1922 жылы май айында бір күні Жәнібек поселкесіне жақын жердегі танысымның үйіне бардым. Сол кезде әлдеқайдан жаяулап бір аш адам келді. Ол баяғы жалшы Нәби Тұралиев екен. 1921 жылы алыстағы бір дәулетті адамға жалшылыққа тұрыпты. Сол жылы мал қырылып, жалдаған қожалары жұтап, аштан өліпті де, Тұралиев талай жер жүріп, уезд орталығына әрең жетіпті. Бейшара күптей болып ісіп кеткен, көздері мүлдем көрінбейді. Мен үй иелеріне алдын ала ескертіп, оған тамақты бірден көп бермеу керек дедім, ал ол үй

иесінің берген тамағын місе тұтпай қайта-қайта тамақ сұрап жалына бастады. Бірден тамақ көп жесе, өліп кететінін ескерткеннен кейін ғана ол біраз тынышталды. Үй иесі әйел қалған тамақты тығып қойыпты. Мен ол ауылдан кетіп қалдым. Ал әлгі адам әйелдің қалған тамақты қайда қойғанын байқап қалса керек, үйдегілер сыртқа шығысымен қалған тамақты алып жейді де үйден кетеді. Екі жүз қадамдай жерге барғанда ауырып, ойбайлап, домалап, жылап-еңіреп ажалдан құтқара көріңдер деп жалбарынады. Бірақ ол сорлының өміріне араша тұруға мүмкіндік болмаған, бейшара тамаққа тойғаннан кейін үш сағаттан соң ауыр азаптан өледі» [5,105-б.], - деп жазды.

Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитетінің (БОАК) декреті бойынша 1921 жылдың 8 шілдесінде ашыққан адамдарға жәрдем беру үшін арнайы комиссия (ЦК Помгол) құрылады [9, с. 122-123]. БОАК-нің төрағасы М.И.Калинин басқарған бұл комиссияның негізгі міндеттері: аштықтың көлемін анықтау, жеке губерниялар мен уездерден келіп түскен шағымдарды қарастыру, ашаршылыққа қарсы күрес қызмет түрлерін ұйымдастыру болды.

Орталықтың қабылдаған шешімінен соң іле-шала 1921 жылы 18 шілдеде РК(б)П-ның Қазақ облыстық комитетінің арнайы шақырылған пленумында Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанынан жергілікті ашыққан халыққа көмек көрсету үшін комиссия (Компомгол) құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамы Қазақ ОАК, Ұлттар халкомы, Жер қатынасы халкомы, Әлеуметтік қамсыздандыру халкомы, Бас статбюро өкілдері кірді [6, с. 44-50].

Сөйтіп, 1921 жылдың 20 қыркүйегінде ҚазОАК-тың жанынан ашыққандарға көмек беру комиссиясы (бұдан әрі Компомгол) құрылды. Аталмыш комиссия төрағасы болып С.Мендешов, оның орынбасарлары А.Байтұрсынов пен М.Әуезов сайланды [10, с. 264]. Осылайша елдегі барлық комиссиялар қызметін Қазақстан ОАК-і жанынан ұйымдастырылған, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссия үйлестіріп отырды.

Республиканың губерниялық және уездік атқару комитет жандарынан ашыққандарға көмек көрсету жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Мәселен, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссияның №18995 санды жеделхатының негізінде 1921 жылы 8 тамызда Бөкей губерниясында

ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылып, ол жедел түрде жергілікті бөлімшелердің ашыққандарға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырып басқаруға кіріседі [11, 6-п.].

Бұл аталмыш комиссия уездік және болыстық комиссия мүшелерінің атқаратын нақты тапсырмаларын көрсетіп 10 пункттен құралған арнайы нұсқау (инструкция) дайындайды. Нұсқауда уездік және болыстық жерлерде комиссия бөлімшелерін құру қажеттігі, ауқатты адамдардан қарызға алған малды сойып ашыққандарды тамақтандыру, ата-анасы жоқ қараусыз қалған балалар үшін жатаханалар ашу, жұқпалы ауруларға қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жұмыстары көрсетіліп, ашаршылыққа қарсы атқарылған істер туралы губерниялық комиссияға 2 аптада бір рет есеп беру міндеттелді [12, 4-п.].

Қамыс-Самар қисымындағы аштықпен күрес комиссиясының жүргізген жұмыстары туралы облыстық атқару комитетіне жасаған мәлімдемесінде: болыстық комиссиялар құрылып, тамақтандыру пункттерінің ашылғаны, союға мал таппаған ауылдарда балық аулау топтарын құрып, аш адамдарға балық үлестірілгені, Жаңақала ауылында жетімдер үшін 50 кісілік асхана ашылғаны, аш және ауру адамдар үшін 50 пұт астық берілгенін, алайда қисым территориясында іш сүзегі ауруы азайғанмен ең қатерлі оба пайда болды. Медицина штатының қызметін күшейту қажет деп көрсеткен [13, 8-п.].

Ал губернияның Тарғын уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия Жәнібек кентіне орналасты. Кеңес аппаратының және партияның уездік органдарының барлық қызметкерлері дерлік ашаршылықпен күресті ұйымдастыру үшін шалғай ауылдарға жіберіледі. Уезд орталығында ашыққандарға арналған 8 тамақтандыру пункті жұмыс істеді, ата-анасыз қалған балалар үшін жатахана ұйымдастырылды [1,189-б.].

1922 жылдан бастап аштық Бөкей губерниясында, әсіресе Тарғын, Талов және Жаңақала аудандарында өрши түседі. Жергілікті өкімет органдарының аштықпен күрес жөніндегі қызметі және республика үкіметінің ашыққан аудандарға көмегі туралы губерниядағы ашаршылық қасіретін көзімен көрген Х. Чурин мен Ж. Сәрсековтың жазбаларында былайша сипатталады: «...мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке қоса жергілікті жерлерден қосымша көмек көздерін іздестіруге тура келді. Теміржолдан шалғайдағы құм жоталары арасында жатқан

болыстардың бірқатар адамдарын құтқару үшін төтенше жедел шаралар қолданылды. Ашыққан халыққа көмек көрсету мәселесін шешу үшін Жәнібекке С. Меңдешов келді. «Сіздер әлі жас болсаңыздар да, – деді ол – дегенмен уезді басқарып отырсыздар ... партия мен үкімет сіздерге барлық адамдарды аштықтан құтқару міндетін жүктеп отыр. Ауқатты шаруалардың мүмкіндіктерін қарастыру қажет, революциялық заңның революциялық қатал тәртібі де болады. Осыдан кейін біз әр болысқа бір-бір адамнан жібердік. Олар болыстық атқару комитеттерінің жандарынан комиссиялар ұйымдастыруы, көмек ретінде, кімде қанша мал, қанша астық, қанша ақша бар, соның тізімін жасауы тиіс болды осы тізімдер болыстық атқару комитеттерінің бекітуіне жатқызылды» [14, 115-116-бб.].

Бөкей өлкесіндегі ашаршылық апаты сүзек, тырысқақ, оба және басқа да, жұқпалы аурулармен қоса қабат жүріп отырды. Бұған дәлел 1922 жылы 30 қазан күні Бөкей губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі губерниялық аштық салдарымен күрес комиссиясына мынандай мәлімдеме жібереген: «Здравотдел настоящим сообщает, что за период с 1-го января по 1-го июля, т.е. за 6 месяцев эпидемических заболеваний зарегистрировано. Тиф брюшной заболело 118, умерло 8, Тиф сыпной заболело 232, умерло 35 и на почве голода заболело 1272, умерло 255. Холерой заболело 423, умерло 227 человек. Меры борьбы, за отсутствием спецотрядов на места вспышек отправляются местный медперсонал. В назначенной срок получено было от КНКЗ полутора миллиарта рублей, и в настоящее время имеется кредит в также сумме на борьбу с эпидболезнями» [14,133-п.].

Ал бұл архив дерегін жоғарыда айтылған Х.Чуриннің: «1922 жылдың басында аштықтың етек алғаны соншалық, үкімет ашығып жатқан халыққа азық-түлік жөнінен дереу жәрдем беруге мәжбүр болды. Губерниялық және уездік азық-түлік комитеттері жергілікті Советтер арқылы ашыққандарға азық-түлік өнімдерін – ұн, шай, өсімдік майын үлестіріп бере бастады. Елді мекендерде, поселкелерде, темір жол станцияларында аштарға арнап тамақтандыру пункттері және олардың жанынан жатаханалар ұйымдастырылды. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек мөлшерін толық келтіре алмаймын. Дегенмен осы көмектің

арқасында көптеген семьялар өлімнен аман қалды» деген естелігі дәлеледей түседі [5, 104-б.].

Осылайша Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұқпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен ауруханалардың және дәрі – дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесінде бұл Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырады.

1925 жылы орал және Бөкей губерниясы кеңестерінің біріккен съезінде баяндама жасаған губерниялық жер басқармасының меңгерушісі Т.Қожанов өте көп адам шығынына ұшыраған Бөкей аймағының ашаршылық қасіретін ең басты оқиға ретінде атап көрсеткен еді. Сандық мәліметтерге сүйенсек егер Бөкей губерниясы тұрғындарының саны 1917 жылы 251 мың болса, 1920 жылы 181 мың адам өмір сүрген, яғни 3 жылдың ішінде тұрғындар саны 70 мың адамға азайған [4,112 - б.].

Түйіндеп айтқанда, Бөкей губерниясындағы 1920-1922 жылдардағы ашаршылық елге зұлмат әкеліп, аймақтағы шаруашылықтарды күйзелтіп қана қоймады, халықтың демографиялық өсуіне де өз зардабын тигізді. Демек, өлкедегі халық санының төмендеуі аймақтағы экономиканың дамуын тежеді. Нәтижесінде Бөкей даласы елді мекендер сирек қоныстанған аймаққа айналды.

Бақтылы Сансызбайқызы Боранбаева,

Адырна. – 2020. – 31 мамыр.

РАДИСТ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Соғысты әдетте «ер адамның ісі» деп жатады. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыста майданға тартылған әйел саны бойынша КСРО алдыңғы орында тұрды. Деректерде 800 мың кеңестік қыз-келіншек Ұлы Отан соғысына қатысқаны жазылған. Олардың арасында қаракөз қазақ қыздары да аз емес еді.



Кеңес Одағының әскери заңнамалық құжаттарында «әйел азаматтар қажетті жағдайда Қызыл Армия қатарына қосымша қызметтерге тартылсын» деп жазылғанымен, жалпы кеңес әйелінің әскери міндеткерлігі болмады. Алайда соғыстың алғашқы кезеңінде Кеңес әскері орасан зор шығынға ұшырап, 1942 жылдың көктемінен бастап Кеңес Одағы қыз-келіншектерді майданға, тылдағы өндірістік еңбекке жаппай мобилизациялаған. Соңғы кезде біртіндеп әскери құпия құжаттар ашылып жатыр. Бас қолбасшы Сталиннің 1942 жылдың сәуір-қазан айлары аралығындағы шығарған 3 бұйрығының негізінде 120 мың әйел байланыс, әуе қорғанысы, құрлықтағы жаяу әскер қатарына алынғаны белгілі болды.

Белгілі ғалым Манаш Қозыбаев өз еркімен майданға сұранып, өтініш жазған қазақстандықтардың 40 пайызы қыз-

келіншек болғанын айтады. Қазақстаннан майданға жалпы саны 6-7 мың қыз-келіншек аттанды деген дерек бар. Ал біздің ұзақ жылғы зерттеуіміз Батыс Қазақстан облысынан ғана 1 100 жауынгер қыз-келіншек майданға алынғанын көрсетті.

Кеңес Армиясы құрамында гитлершіл фашизмге тойтарыс берген қазақстандық арасында Ақ Жайық өңірінен шыққан сондай қаһарман қыздарды – радиобайланысшы Ғарифа Рахметова мен Замиха Наушеваны оқырманға таныстыра кетейік.

Ғарифа Мәжитқызы Рахметова 1922 жылы 1 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы Азғыр ауылында дүниеге келген. Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінің 2-курсында оқып жүрген Ғарифа өз еркімен майданға аттанады. Бұл жөнінде ол: «Орал қалалық комсомол комитеті қаланың оқу орындарында және орта мектептердің 9-10-кластарында оқып жүрген белсенді жас комсомол қыздарды жинап, митингі өткізді. Сөйтіп Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің үндеуі талқыланып, жас қыздарды Отан қорғау ісіне қатысуға шақырды. Митингіде мен топ алдына шығып, өз еркіммен Отан қорғауға баратындығымды айтып, қыздарды қатарыма шақырдым. Тағы біраз қыз сөз алып, бұл ұсынысымды қуаттады. Сөйтіп митингіден кейін 600 қыз Ленинград қаласынан Оралға эвакуацияланған әскери радиотелеграфшылар дайындайтын училищенің 5 айлық курсына жазылдық. Оралда ай жарым оқыған соң әскери училище Мәскеу түбіндегі Мытищи қаласындағы оқу базасына қайта көшірілді. Оралдан 600 қыз тиелген эшелонды бүкіл қала халқы шығарып салды», дейді.

Осылайша, Мәскеу түбіндегі училищеде оқуын жалғастырған Ғарифа Рахметова жерлестері Замиха Наушева, Майра Мақатова, Нұрғаным Байсейітова, Лида Ружейникова, Катя Литовамен бірге 1942 жылы қарашада 5 айлық курсты тәмамдап, II класты әскери радиобайланысшы мамандығына ие болады. Сөйтіп, Ғарифа Рахметова мен Замиха Наушева Калинин майданында ұрыс жүргізіп жатқан I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық корпусқа жөнелтіледі.

«Мен әскери авиация корпусы құрамында 5000 шақырым жауынгерлік жолды жүріп өттім. Қарапайым радиотелеграфист қызметін атқарып, әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындадым. 32 438 мәрте әуеге көтерілген әскери ұшқыштармен біздің бөлім

арасындағы әуе байланысын үздіксіз қамтамасыз етуге бар күшімді жұмсадым. Ұлы Отан соғысы тарихында біздің I гвардиялық шабуылдаушы корпусының ерекше орны бар. Корпусқа «Минскілік» деген құрметті атау беріліп, атақты ұшқыштарымыз – А.П. Маресьев, И.М. Березуцкий, И.М. Глухих, Е.М. Горбатюк, В.А.Ореховтың ерліктері тарихқа алтын әріппен жазылып қалды», дейді жауынгер Ғарифа Рахметова.

Ғарифа Рахметова Калинин, Солтүстік-Батыс, Брянск, I, II Прибалтика, I, II Белоруссия майданы және «Багратион» операциясына қатысып, Минск, Липецк, Орел, Брянск, Великие Луки, Логова, Вильнюс, Шауляй, Берлин т.б. қалаларды азат еткен.

«1943 жылы қараша айында біздің корпус Невель қаласынан 2-3 шақырым жерде тұрды. «Отан үшін» атты майдан газетінен Невель қаласын азат етуге қатысқан 100 және 101-ші ұлттық қазақ атқыштар дивизиясының шабуылы жайлы, жерлесім Мәншүк Мәметованың ерлігі туралы оқып білген едім. Қасыма бір жауынгерді ілестіріп, бұдан 1 ай бұрын шайқас болған жерге келіп, қаза болған жауынгерлердің және топырағы әлі кеппеген, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың жерленген жерін көрдім», дейді бір естелігінде Ғарифа Рахметова.

Радиобайланысшы Ғарифа Рахметова «Әскери ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және Бас қолбасшы Сталиннің алғыс хатымен 6 мәрте марапатталды. 1945 жылдың қазан айында соғысты Берлин қаласынан 100 шақырым жердегі Перлиберг елді мекенінде аяқтаған Ғарифа Рахметоваға гвардия сержанты атағы беріледі.

Майданнан оралған соң Ғ. Рахметова Оралдағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтта оқуын жалғастырып, оны бітірген соң мектеп мұғалімі, Орал қалалық комсомол комитетінің, облыстық, аудандық партия комитетінің түрлі деңгейдегі хатшысы қызметтерін атқарды. Кейін Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық Мемлекеттік кинофотографистер институтының жанындағы жоғары мектепті бітіріп, Орал облыстық кино басқармасын басқарды. Соғыс ардагері Рамазан Таукинмен отау құрып, үш қыз тәрбиелеп өсірді. 1980 жылы республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер ретінде құрметті демалысқа шықты.

Зейнеткер Ғ.Рахметова Орал қаласындағы ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі болды. Орал қалалық депутаттар кеңесінің 1989 жылғы 23 шілдедегі №659 шешіміне сәйкес жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі ерен еңбегі үшін Ғарифа Рахметова «Орал қаласының Құрметті азаматы» атанды. Ұлы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә. Назарбаев соғыс және еңбек ардагері Ғарифа Рахметоваға «Отан» орденін тапсырды.

Соғыс салған сырқаты салдарынан Ғарифа Рахметова 2001 жылы 17 тамызда дүниеден озды.

Мәскеуден Берлинге дейінгі әскери жорықта Ғарифа Рахметовамен бірге болған 2-класты радиобайланысшы Замиха Наушева 1924 жылы Орал облысы Жаңақала ауданында дүниеге келген. 8 жасында ата-анасынан айырылған ол туыстарының көмегімен Орал қаласындағы №4 мектеп-интернатқа орналасады. Кішкентай Замиха мектепте жақсы оқиды, скрипка класына қабылданып, музыкалық аспапты да меңгереді. Замиха 9-сыныпты бітірген жылы Ұлы Отан соғысы басталады.

Жоғарыда айтылғандай, Оралға Ленинград қаласынан эвакуацияланып келген әскери радиотелеграфшылар училищесіне қабылданған 600 қыздың арасында Замиха Наушева да болады. Училище Мәскеу түбіндегі Мытищи қаласындағы оқу базасына қайта көшірілгенде, Замиха да бірге кетеді. 1942 жылдың қараша айында 5 айлық курсты тәмамдаған Замиха Наушева құрбысы Ғарифа Рахметовамен бірге Калинин майданындағы I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық корпусқа жөнелтіледі.

Радиобайланысшы Замиха жауынгерлік өмір жолын былайша баяндайды: «Біздің жауынгерлік жолымыз Калинин майданынан басталды. Міндетіміз – радиостанса қызметін басқару еді. Жау біз отырған аймақты жиі нысанаға алып оқ жаудыратын, бомбаның астына алатын. Сондықтан орнымызды жиі ауыстырып, жау көзіне түспеу үшін түрлі әдіс қолданып, бүркеніп, тығылатынбыз. Жоғарғы Бас қолбасшының басқаруында болған біздің гвардиялық шабуылдаушы корпус майдандағы шешуші соғыстарға қатысып, бағытын жиі ауыстырып отырды. Біз өзіміздің истребительдер корпусының ұшқыштарын мақтан етіп жүрдік. Олардың көпшілігі немістің асқан шебер ұшқыштарымен шайқасып, көрсеткен ерлігі үшін батыр атанған еді. Ал ұшқыш

Алексей Маресьевтің есімі соғыс жылдарында-ақ әдебиет тарихына жазылған еді».

Жеңіс күнін Берлин түбінде қарсы алған Замиха Наушева жауынгерлік ерлігі үшін Сталиннің алғыс хатына және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медаліне ие болды. Майдангер ана: «Мен, бұл соғыста адамзат баласының қайғы-қасіреті мен төгілген қанын, жер бетінен бір сәтте жойылған ауыл, қалаларды көрдім. Барлығы көз алдымда, оларды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Орта жас шамасындағы командир, генерал-лейтенант В.Белецкийдің бізге қарап: «Жалбырақтарым-ау, сендер ертең осы соғыстың тарихына кіресіңдер!» дейтіні әлі есімде», дейді.

Елге аман-сау оралған жауынгер қыз бейбіт еңбекке араласып, Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің баспасында корректор болды. Кейін Орал қаласындағы тері комбинатының кептіру бөлімінде ұзақ жыл еңбек етіп, зейнет демалысына шықты.

Даңқты батыр Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Адамдар бір-біріне қарыздар екенін әрқашан ойлай жүруі керек. Әсіресе Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білуі қажет. Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деген екен. Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан қазақтың қаһарман қыздарының жауынгерлік ерлігі мен өнегелі өмірін үлгі етіп, мақтаныш ету – бүгінгі жас ұрпақтың парызы деп білеміз.

Бақтылы Боранбаева,
Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Egemen Qazaqstan. – 2021. – 7 мамыр. - №85. – Б. 9.

ДАҢҚТЫ ПАРТИЗАНШЫЛАР

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, XX ғасырдың қасіретті оқиғасы болған бұл соғысқа әлем халықтарының 80 пайызы қатысып, 110 млн. адам қолына қару алып, 40 мемлекеттің жері соғыс өртіне шалынып, майдан баталиясына 61 мемлекет тартылған екен. Дүниені оқ пен отқа ораған осы 1418 күн мен түннен біз іздестіретін тарихи дерек пен дәйек әлі де көп екені ақиқат. Мәселен, ел шетіне жау тигенде ерлермен бірге қолына қару алып, соғысқа аттанған майдангер қазақ қыздарының жауынгерлік ерлігі мен өнегелі өмір жолы отандық тарих ғылымында әлі де терең ізденіс нысанына айналмай келеді.

Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан жауынгер қыздардың әскери мамандықты игерудегі ерлігі жөнінде Кеңес Одағының маршалы А.И.Еременко: «Ұлы Отан соғысында қыздар араласпаған, қыздар меңгермеген әскери мамандық кемде-кем», – деп жазған еді. Ендеше, жауынгер қазақ қыздары болса аспазшы, хат тасушы, дәрігерлік көмек көрсету сияқты мамандықтарды игерумен бірге, сол уақытта қыздар арасында сирек кездесетін ұшқыш, танкіші, мерген, пулеметші, барлаушы, байланысшы сияқты әскери мамандықтардың бәрін де игере білген. Бұл пікіріміздің дәлелі ретінде: Кеңес Одағының Батыры мерген Әлия Молдағұлова, Кеңес Одағының Батыры пулеметші Мәншүк Мәметова, шығыстан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз Х. Доспанова, сондай-ақ Литва қаласын азат етуге қатысқан танк экипажының құрамындағы қазақ қыздары кіші сержант Ж. Байтасова, К. Талқанбаева, К. Тоқбергенова, осы танк экипажының радист, пулеметшісі Ж. Бисембаева, т.б. Міне, осылай майдан даласында ерлік көрсеткен қазақ қыздарының тізімін республика көлемінде одан әрі жалғастыра беруге болады. 2015 жылы осы жолдардың авторы жариялаған «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты монографияға, атап айтқанда: 300 рет әуе шайқасына қатысқан ұшқыш Х. Доспанова, I гвардиялық шабуылдаушы авиациялық полк құрамында Калинин, Солтүстік-Батыс, Брянск, I және II Прибалтика, I және II Белорус майдандарындағы сұрапыл соғыстарға және «Берлин» операциясына қатысқан радиобайланысшылар Ғарифа Рахметова, Замиха Наушева, Подольск Орталық мерген

қыздар мектебінің түлектері «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері Әлима Габдушева, Висла өзені маңындағы шайқаста «ІІ дәрежелі Даңқ» орденіне ие болған М. Кожухметова, «Ерлігі үшін» медалінің иегері ефрейтор, мерген қыз Мәлика Тоқтамышова, Қызыл Жұлдыз ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері, әскери медициналық қызмет капитаны Роза Момынова, Сталинград шайқасына қатысқандар байланысшы Ағипа Кенжеғалиева, «Ерлігі үшін» медалінің иегері медбике, әрі пулеметші Рабиға Зайнуллина, сондай-ақ Қиыр Шығыс майданына қатысқандар: десантшы Қ. Ермекова, байланысшылар Ә. Ниязғалиева, М. Үмбетова, Қ. Ахметова, әскери көлік жүргізген С. Саркулова және соғысты Кореяның Хедзио қаласында аяқтаған байланысшылар Қ. Алмағамбетова, Ү. Есқалиева сияқты қаһарман қыздардың жауынгерлік ерліктері жазылып жарияланған еді. Демек, сол зерттеу еңбекке енгізілген партизан байланысшы, яғни, Белоруссия жеріндегі №8 партизан бригадасының байланысшысы Қызыл Жұлдыз ордені, «Отан соғысының партизаны» медалінің иегері Нұрғаным Байсеитова мен «Эфирдің сұр мергені» атанған Карелия майданындағы партизан штабының ІІ класты байланысшысы Майра Мақатованың жауынгерлік өмір жолдарын оқырман қауым назарына ұсынғанды ұрпақ парызы санадық.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихнамасында партизандық қозғалыс маңызды орын алады. Гитлершіл Германия уақытша басып алған аймақтарда оккупанттарға қарсы күрес жүргізу үшін кеңес халқы партизандық отрядтарға топтасып, кейін ірі бригадалық құрамаларға бірікті.

Стихиялы түрде ұйымдасқан мұндай партизандық топтар алғашқыда майдан шебіне өте алмай, жау қоршауында қалған Кеңес Армиясының командирлері мен жауынгерлерінен, сондай-ақ саяси қызметкерлер мен лагерьден қашып шыққан әскери тұтқындардан жасақталды. Неміс фашистерінің зорлық-зомбылығын көріп, ашынған жергілікті халық – жұмысшылар, колхозшылар, әйелдер мен балалар, қарт адамдар да қосылып, партизан отрядтары құрамының санын үздіксіз арттырып отырды. Осылайша жау тылында кең қанат жайған партизандық қозғалысты Қызыл Армияның соғыс қимылдарымен үйлесімді жүргізіп отыру үшін КСРО Қорғаныс Комитетінің 1942 жылы 5

қыркүйекте «Партизандық қозғалыстың міндеттері туралы» жарлығы шығарылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында жау тылында әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған 1 миллионнан астам кеңес халқы 6200-ден астам партизандық отряд пен астыртын құпия топтардың құрамында соғыс жүргізді. Олар 58 брондалған поезд бен 50 мың автомашинаны жойып, 12 мың көпірді жарып, 20 мыңнан астам темір жол эшелондарын талқандады. Сөйтіп жау тылында жүргізілген партизандық соғыстың нәтижесінде гитлершіл басқыншылардан азат етілген Белоруссия, Брянск ормандары және т.б. аймақтарда кеңес өкіметі қайта құрылып, партизандық күштердің тірек базалары кеңейіп, «партизан зоналары» құрылды. Белоруссия ормандарында 199 бригадаға біріккен 1108 партизан отряды құрамында 370 мыңнан астам жауынгер болды.

Ұлы Отан соғысы тарихында жалпыхалықтық және көпұлттық сипат алған партизандық қозғалыс кеңес халқының неміс басқыншыларына қарсы күресінің өзіндік ерекшелігі болды. Соғыс майданына тартылған барлық партизандық бригадалар мен отрядтар көп ұлтты жауынгерлерден құралды, олардың арасында қазақтар да болды. Мәселен, Белоруссияның әртүрлі аймақтарында соғыс жүргізген 65 партизан бригадасы мен отряд құрамында өзге ұлт өкілдерімен бірге бір жарым мыңнан астам қазақстандықтар ерлікпен шайқасты.

1941 жылы 29 маусымда уақытша жау қолында қалған Белоруссия территориясында партизандық күресті күшейту жөніндегі КСРО ХКК мен Белоруссия КП(б) ОК-нің: «В занятых врагом районах, создавать партизанские отряды диверсионные группы для борьбы с частями вражеской армии, для разжигания партизанской войны всюду и везде, для взрыва мостов, дорог, порчи телефонной и телеграфной связи, поджога складов и.т.д. В захваченных районах создавать невыносимые условия для врага и всех его пособников, преследовать и уничтожать их на каждом шагу, срывать все их мероприятия» деген нұсқауы және Белоруссия КП(б) ОК-нің 1941 жылы 18 шілдедегі «Жау тылындағы күресті ұйымдастыру шаралары» атты республикалық, облыстық, аудандық кеңес ұйымдарының партиялық басшыларына жау тылында партизандық соғысты ұйымдастыруды міндеттеген қаулысы Белоруссия партизандарының әскери бағдарламалық құжатына айналды.

1942 жылы мамырда БКП (б) ОК-нің нұсқауымен партизандық қозғалыстың Орталық штабы (ПҚОШ) құрылды. Бұдан кейін осы ПҚОШ және Одақтас республикалардағы Компартияның Орталық Комитеті мен облыстық партия комитеті басшылары жетекшілік еткен республикалық және облыстық партизандық қозғалыс штабтары құрыла бастады.

Кеңес әскерлері 1943 жылы жазда жаппай шабуылға көшкен кезде партизандық қозғалыстың Орталық штабы «темір жол соғысын» («рельсовая война») бастады. 1943 жылы 3 тамыз - 15 қыркүйек күндері аралығында жау тылындағы шойын жол магистральдарын жаппай қирату мақсатындағы Кеңестік партизандардың жүргізген соғыс операциясы шартты атаумен (кодовое наименование) «темір жол соғысы» деп аталды. Осылайша партизандық күштердің қиян-кескі шайқасы нәтижесінде сәтті аяқталған бұл операция, 1943 жылы 50 күн мен түнге созылған атақты Курск шайқасында Кеңес Армиясының жеңіске жетіп, кеңес-герман майданында жаппай шабуылға көшуіне үлкен көмегін тигізді.

Осылайша, неміс фашистері басып алған территорияларда Қарсыласу қозғалысы күшейген соң, 1942 жылдың жазы мен күзінде неміс командованияесі тұрақты әскерлерінің 24 дивизиясын майдан шебінен алып, партизандарға қарсы соғысқа жіберуге мәжбүр болды.

Белоруссия елінің партизандық қозғалыс тарихында №8-Брест бригадасы (Бригада командирі полковник С.Г. Жунин, комиссары В.А. Петров, штаб бастығы К.И. Матеж) үлкен орын алады. 1943 жылдың 5 желтоқсанына дейін бұл бригада 36, 8, 12, 28, 30, 24 және 40-партизан отрядтарының құрамы негізінде Могилев облысының Круглянск ауданы аймағында жау тылында партизандық соғыс жүргізді.

Белоруссияның Могилев, Брест, Минск және Пинск облыстарының бірқатар жерлерінде партизандық ашық соғыстар жүргізген №8 партизан бригадасы 1944 жылы 12 шілде күні Қызыл Армияның алдыңғы шебіне қосылғанға дейін жаудың 20 мыңға жуық солдатты мен офицерін жер құштырып, 34 темір жол мен 2444 тас жолдардағы көпірлерді талқандады, 409 авто және бронемашинасын, 214 эшелон мен 49 жау әскерінің гарнизонын жойды. Сондай-ақ 1943 жылғы Могилев облысындағы астық өнімін неміс фашистерінің иеленуіне жол бермеді. Брест

облысынан Германияға каторгалық жұмысқа айдалып бара жатырған 24000 кеңес азаматтарын құтқарып қалды.

Демек, №8 партизан бригадасының жауынгерлік ерлігін кеңірек жазуымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені, осы бригада құрамында ерлікпен шайқасып, белорус халқының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген 38 қазақстандық партизан жауынгерлердің арасында радиобайланысшы қазақ қызы Нұрғаным Байсеитова да болды.

Нұрғаным Бекенқызы Байсеитова 1923 жылы 8 наурызда Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған Нұрғаным інісі Абзалмен бірге Жәнібек ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленіп өседі. 1936 жылы балалар үйі әкімшілігінің шешімімен Нұрғаным Орал қаласындағы (бұрынғы Сталин қазіргі Октябрь көшесіндегі) облыстық музыкалық мектеп интернатына ауыстырылып, скрипка класына қабылданады. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорындағы Н.Байсеитованың өз қолымен жазған ғұмырбаянында: «Закончился 1940-1941 учебный год. Побывли на выпускном вечере, очень скромный, но для нас был радостным. Я жила в интернате при музыкальной школы по улице Почиталинский. Вернулись с вечера очень поздно. Уснула очень крепко (Это было 20 июня 1941 г.). Приснился сон, как будто к нам в интернат пришел Сталин. Я с ним хочу идти в столовую, и он снимает свою шинель отдает мне, и я проснулась. Сон очень взволновала меня», – деп жазады. 9 класс бітіруші түлектердің салтанатты кешінен оралған күні түнде көрген Нұрғанымның бұл түсі оған көп кешікпей бейбіт өмір тыныштығының бұзылатындығынан хабар бергендей еді...

Соғыс туралы суық хабарды естіген Нұрғаным қалалық әскери комиссариаттың табалдырығын тоздыра жүріп, 1942 жылдың сәуір айында бір топ құрбылары Роза Әбдірахманова, Халима Бекеева, Ғарифа Рахметова, Замиха Науышева, Майра Мақатовамен бірге Мәскеу қаласындағы радиобайланысшылар дайындайтын курсқа жіберіледі. Бұл жөнінде Майра Мақатова: (майдангер ана 2014 жылы 93 жасқа қараған шағында өмірден озды) «Бізді Мәскеудің Қазан вокзалында әскери адам қарсы алып, Ворошилов атындағы казармаға орналастырды. Ертеңіне бізге әскери киімдер берілді. Курста әскери қатаң ережелерді үйреніп, соғыс даласында қолданылатын қарудың түрлерін, әсіресе,

байланысшының жоғары деңгейдегі есте сақтау қабілетін қажет ететін Морзе құрылғысының жұмысын еркін меңгеріп шықтық», – деп жазды. 1942 жылы күзде курсты тамамдаған радиобайланысшы қыздардың арасында ерекше қабілетімен көзге түскен Н.Байсеитова курс басшыларының ұйғарымымен енді жау тылындағы байланысшыларды дайындайтын арнайы мектепке жіберіледі.

Қысқа мерзімді курстың оқу бағдарламасының күрделілігіне қарамастан, Морзе әліппесін эфирден келген дыбыс арқылы оқуды жете меңгерген байланысшы Нұрғаным әсіресе, биіктіктен парашютпен секіру сияқты арнаулы пәндердің қиындығын да жеңе білді.

Сөйтіп, 1943 жылдың шілде айында арнаулы байланысшылар дайындайтын мектепті үздік бітірген Нұрғаным Байсеитова Москва түбіндегі Сходня поселкесінде орналасқан Белоруссия партизандар қозғалысы штабының бастығы Петр Захарович Калининнің (бұрынғы БКП(б) ОК-нің II хатшысы) қабылдауында болады. Штаб бастығы фашистер уақытша жаулап алған Белоруссия жерінде жаудың стратегиялық жоспарларына қарсы партизандар таяуда «Концерт» операциясын бастайтындығын айтып, жау тылына арнайы ұшақпен жеткізілетін байланысшы Н.Байсеитоваға Орталықпен байланысты қамтамасыз ету міндеті жүктелетіндігін түсіндірді.

Осылайша, штаб бастығының қолынан жаңа рация мен құпия байланыс шифрды және компас пен автоматты қабылдап алған он тоғыз жасар Нұрғаным Байсеитова, 1943 жылы шілде айының қараңғы түнінде Могилев облысы, Круглянск ауданы аймағындағы №8-бригаданың №15 отрядына арнайы ұшақпен жөнелтіледі. Алайда офицердің берген белгісінен кейін парашютпен төменге қарғыған Нұрғаным өзіне бес жерге арнайы жағылып қойылған оттың аумағынан ауытқып, батпақты қалың орман арасына келіп түседі.

Орталықтан байланысшы қыздың жіберілгендігін естіп, іздеуге шыққан партизандар рация мен автоматын асынған күйде әбден қажып шаршаған қазақ қызын 4 тәуліктен соң ғана тауып, 80 шақырым жердегі штабқа атқа мінгестіріп алып келеді. Бұл жөнінде партизан ана: «Партизандар да жарқанат секілді күндіз бой тасалап, тек түнде жүретін тәртіп бар, – үшінші күні түнде таң ата межелі жерге жеттік. Менің балалық шағым осылай аяқталып,

жау тылындағы жастық шағым басталды. Мүлдем өзге өмір жолым басталды. Отрядқа келгенімде, «мына қазақ қызының қолынан не келеді» дейсің деп ойлады-ау деймін командирім Сергей Григорьевич Жунин мені өте салқын қабылдады, құпия құжаттарым бар еді, тапсырдым да Орталықта отырған П.З.Калининге «доехала благополучно, но должных условий не создали», – деп жеделхат жөнелттім. Осыдан соң Мәскеуден хабар келсе керек, кейіннен С.Г.Жунин едәуір жұмсарды. Бүкіл отрядта қазақтан жалғыз едім, маған қарап бүкіл қазақ деген ұлтты бағалайтындай әсерде болып, барымша халқымның намысын, қабілетін көрсетуге тырыстым» – деп жазады. Партизан отрядының байланысшысы міндетін атқаруда қазақ қызының жоғары кәсіби біліктілік пен жауапкершілік танытқанын: «Комсомолка Н.Байсеитова после окончания специальных курсов радистов прибыла в распоряжение Белорусского штаба партизанского движения. Молодая партизанка выполняла не только обязанности радистки, но и поручения разведывательного характера, участвовала в боях», – деп жазылған мына құжат мазмұнынан да анық көруге болады.

Радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитова жау тылынан Орталыққа маңызды мәліметтер жеткізіп, 8-партизан бригадасы мен Могилев облысында астыртын құпия жұмыс жүргізетін партия ұйымдары мен топтардың «Концерт» операциясына дайындығы туралы хабарлап отырды. Байланысшы міндетін мүлтіксіз атқарған Нұрғанымның эфирдегі лақап аты «Нина» болатын, ал Орталықтағылар оны «Скрипкашы қазақ қызы» деп те атайтын.

Әскери тарихи құжаттарға сүйенсек, жау тылындағы үлкен аймақта темір жол магистралдарын талқандап, неміс басқыншыларының жүк тасымалы қызметіне жаппай тосқауылдар жасау мақсатында 1943 жылғы 19 қыркүйектен сол жылдың қазан айына дейінгі аралықта кеңестік партизандардың жүргізген әскери операциясы шартты түрде «Концерт» деген атауға ие болған еді. «Рельс соғысының» жалғасы танылған бұл операцияны Партизандық қозғалыстың Орталық штабы жоспарлы түрде басқарып, кеңес әскерлерінің шабуылымен тығыз байланыстырып, үйлесімді жүргізіп отырды. «Концерт» операциясына Белоруссия, Балтық жағалауы, Карелия, Қырым, Ленинград және Калинин облыстарындағы 120 000-нан астам

адам қамтылған 193 партизан отрядтары тартылды. Операция нәтижесінде 148557 рельс жолдары бұзылып, тек Белоруссия жерінде ғана 150 мыңдай рельс талқандалып, жаудың соғыс жүктерін тасымалдау көлемі 40 пайызға кеміді.

Деректерден «Концерт» операциясының неміс-фашистерін біраз дүрліктіргенін аңғаруға болады. Мәселен, немістің күзетші әскер корпусы командирінің «Орталық» армия штабына жіберген хабарында: «Партизандар темір жол қатынасын тұтқиылдан және жоспарлы түрде бұзу арқылы біздің жүк тасымал қызметін бүлдіру жөнінде бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде операция жүргізді», – деп баяндайды.

«Концерт» операциясынан кейін фашистер партизандарға қарсы күресті күшейтіп, жазалаушы отрядтар санын көбейтіп, арнайы әскери бөлімдерін жасақтайды. Осындай жаудың жазалаушы отряды бір күні №8-партизан бригадасындағы Нұрғаным Байсеитованың рациясы тұрған партизандар бөлімшесін қоршауға алады. Байланысшы Нұрғаным дереу эфирге шығып, көрші отрядқа шұғыл хабарлап, рацияны мұқият жасырғаннан кейін автоматтан оқ жаудырып жауды қарсы алады. Байланысшының хабарынан соң көрші партизан отрядтары да көмекке үлгеріп, жаудың жазалаушы отряды кейін шегіндіріледі.

Осылайша бірнеше рет жаумен бетпе-бет ұрыстарға қатысқан байланысшы Нұрғаным партизандармен бірге барлауға да шығып, жергілікті халық арасында неміс фашист оккупанттарына қарсы саяси-бұқаралық үгіт жұмыстарын жүргізуге де қатысады. Нәтижесінде Брест облысы аймағындағы №8-партизан бригадасында бастапқыда 946 адам болса, кейін 1944 жылы Қызыл Армияға қосылар қарсаңында партизан бригадасындағы жауынгерлердің саны 1088-ге жетеді.

Радиобайланысшы Нұрғанымның жауынгерлік өміріндегі ұмытылмас оқиға Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат етіп «Багратион» операциясын аяқтап келе жатқан Қызыл Армия әскерлерімен №8-партизан бригадасының 1944 жылы шілдеде Польша жеріндегі салтанатты қосылу мерекесі болды.

Осылайша №8-партизан бригадасы қатарында жау тылында ерлікпен шайқасып, Кеңестік Белоруссия территориясын азат етуге қатысқан радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитова КСРО Жоғарғы Кеңесінің №202 бұйрығы бойынша Қызыл Жұлдыз ордені және «Отан соғысының партизаны» медаліне ие болды.

Партизан байланысшы қазақ қызына: «Байсеитова Н.Б. – радистка 8-й партизанской бригады, к работе относилась добросовестно, трудолюбивая. Бережно хранила материальную часть радиостанции и шифрованные документы. В общественной жизни участие принимала. Политически благонадежная.

За добросовестное отношение к своим обязанностям радистки в условиях вражеского тыла представлена к правительственной награде – ордену Красной Звезды.

Командир полковник №8-партизанской бригады С.Г. Жунин. Начальник штаба майор К.И. Матеж», – деген мазмұндағы жауынгерлік мінездеме жазылды.

Соғыста жүріп белорус тілін де тәп-тәуір үйреніп алған Нұрғаным соғыс аяқталғаннан кейін, Батыс Белоруссия аудандарында Кеңес өкіметін қалпына келтіру және нығайту ісіне белсене араласады. Бұл туралы майдангер: «Жау езгісінен азат етілген белорус бауырлар – совет өкіметін құшақ жая қарсы алды. Олар өзінің халықтық өкіметін нығайтуға, соғыста бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге атсалысты. Бірақ халықтың жаңа өмір жолындағы күресіне кеселдік келтіруге тырысқандар да болды. Бір кезде гитлершіл барлау қызметінің басшылығымен құрылған «Белоруссия тәуелсіз партиясы» дейтін ұлтшыл ұйымның жетекшілері Совет әскерлерінің тылында бірнеше диверсиялық топтар құрды. Опасыз ұлтшылдар әсіресе жергілікті партия, комсомол қызметкерлерін қапылыста өлтіріп кетуге тырысты және басқа да әрекеттерін жүргізді. Әлбетте туысқан белорус халқының ұлттық жақсы қасиетін білдіретін ондай опасыздар емес қой. Мен ол халықты аса жоғары бағалаймын. Белорустар менің нағыз бауырларым сияқты болды», – дейді.

Сұрапыл соғысты Польша түбінде аяқтағаннан кейін де Нұрғаным Белоруссия жеріндегі партизандық өмірдің ауыртпалығын бірге көрген қарулас бауырларымен хабарласып тұрды. Әсіресе, майдангер Нұрғаным үшін әскери басшы ғана емес, туған әкесіндей қамқоршы болған 8-партизан бригадасының командирі Сергей Георгиевич Жуниннің:

«Сәлеметсіз бе, Нина!»

Тегі, сіз қазір ана болған боларсыз, сондықтан Сізді Нина деудің өзі де қолайсыз сияқты. Бірақ мен сізді осылайша атай берейін, өйткені сол бір кезде Сіз менің өз қызымдай болдыңыз...

Жуықта маған А. Никиченко келіп кетті. Ол қазір Барановичте тұрады. Онда біздің партизандарымыз көп көрінеді. Сіз туралы сұрады, батысқа қарай жасаған жорығымызды еске түсірді. Маған өзіңіздің қазіргі өміріңіз туралы жазуыңызды, фотосуретіңізді жіберуіңізді өтінемін ...

Сіздің деніңіз сау болуын, Отанымыздың даңқын арттыра түсу үшін табыстарға жете беруіңізді, ең ізгі жақсылықтар тілеймін.

Сізді шын жүректен құрметтеуші С.Жунин», – деген хатының орны ерекше.

Радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитованы кешегі қаруластары ғана емес, белорус елінің жас ұрпақтары да құрмет тұтып, оған Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында құттықтау хаттар мен шақырулар жіберіп тұрды. Мәселен, Минск қаласынан жазылған мына бір хатта №100 мектеп оқушылары мен мұғалімдері: «Бізді Сіздің қазіргі өміріңіз, жанұяңыз қызықтырады. Егер өзіңіздің отбасымен түскен суретіңіз болса, жақсы болар еді. Биыл мамыр айында біздің мектепте №8-партизан бригада партизандарының кездесуі болады. Барлық партизандар жиналады. Сізді де осы кездесуге келеді деп үміттенеміз», – деп жазылды.

Соғыстан аман-сау елге оралған партизан қыз Нұрғаным 1949 жылы соғыс ардагері Сәти Иманғалиевпен отау құрды. Жоғарыда айтылғандай жауынгер ананың жазған ғұмырбаянында: «Моя радость дети. Я с мужем нажили 3 сына, 5 дочерей, 15 внуков. Все они очень хорошенкие один лучше другого. Самая старшая внучка Индира играет на скрипке, продолжает мои мечты. Внуков очень люблю и желаю им покой и счастье», – деп жазады. Қос ардагердің балаларының барлығы да жоғары білімді. Зейнет демалысына шыққанға дейін жауынгер ана бастауыш мектеп мұғалімі қызметін атқарды. Ері Сәти Иманғалиев 1989 жылы қайтыс болды.

Соғыс ардагері, абзал ана 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың шақыруымен Астана қаласында болып, халқының құрметіне бөленді. Алайда тағдыр әскери радиобайланысшы Нұрғаным Байсеитоваға Жеңістің 75 жылдық мерейтойын көруді жазбады. Партизан жауынгер ана 1998 жылы дүниеден озды.

«ЭФИРДІҢ СҰР МЕРГЕНІ» БАЙЛАНЫСШЫ МАЙРА
МАҚАТОВА

Ұлы Отан соғысы жылдарында Карелия майданындағы Орталық партизандар штабының радиобайланысшысы болған қазақ қызы Майра Мақатова партизандар арасында «эфирдің сұр мергені» атанған еді.

Майра Мақатқызы 1922 жылы 16 маусымда Орал облысы Тайпақ ауданы Сайқұдық ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі қайтыс болған соң, кішкентай 4 қызбен қалған анасы үлкен екі қызының оқуын ойлап, 9 жасар Майраны сіңлісімен бірге аудан орталығындағы мектеп интернатқа оқуға орналастырады. Анасының үмітін ақтап, жасынан зерек, алғыр болып өскен Майра кейін облыс орталығы Орал қаласындағы №4 мектеп интернатында (қазіргі С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп) оқуын жалғастырып, мектепті үздік бітіріп шығады.

Алайда, осы кезде адамзат баласы үшін қасіретті Ұлы Отан соғысы басталады. Өз еркімен майданға аттануды жөн деп санаған 19 жасар Майра Орал қалалық комсомол комитеті атына өтініш жазады. Сөйтіп, 1942 жылы 12 сәуірден бастап Майра Мақатова Оралдағы Москва қаласынан эвакуацияланып келген әскери радиотелеграфшылар дайындайтын училищеде оқыды. Ардагер ананың айтуынша, неміс фашистерін кейін шегіндірген соң, Оралдағы радистер дайындайтын училище Москва қаласына қайта көшіріледі. Курста оқып жатқан байланысшы қыздар оқуды вагон ішінде жалғастыра отырып, тауар тиелген поезбен Москваға жеткізіледі. Сөйтіп, 4 айлық курсты тәмәмдап, морзе әліппесін эфирден келген дыбыс арқылы оқуды жете меңгерген Майра II класты әскери радиобайланысшы атанады. 1942 жылдың қараша айында, яғни, сұрапыл соғыстың екінші кезеңі тұсында байланысшы Майра Карелия майданының Орталық партизандар штабына аттанады. Деректерге жүгінсек, Карель-Фин партизандық қозғалыс штабы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысымен 1942 жылы 30 мамырда құрылып, штаб бастығы С.Я. Вершанин тағайындалған еді. Міне, енді Карель жеріндегі партизандық қозғалыс штабының байланысына маңызды жауаптылық қазақ қызы М.Мақатоваға жүктеледі.

Ендеше, М. Мақатованың жауынгерлік өміріне қатысты болғандықтан, 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап, Карелия майданы атанған Солтүстік майдан әскерлерінің соғыс қимылы жөнінде айта кетуді орынды санадық.

Германияның Кеңес Одағына шабуыл қарсаңында кеңес-фин шекара аймағына неміс фашистерінің «Норвегия», Оңтүстік-Шығыс және Карельфин армиясы кең көлемде шоғырландырылды. Оларды немістің 5-әуе флоты қорғап тұрды. Жалпы Карель жеріне жаудың 20 дивизиясы орналастырылды. Алайда, жау күшінің басымдығына қарамастан, кеңес әскерлері фашистік Германияның КСРО-ның солтүстік аудандарын жаулап алып, Карель мойнағында фин және неміс әскерлерінің бас түйістіріп, Ленинград блокадасының (қоршауының) екінші шеңберін құру жоспарын жүзеге асыруына жол бермеді.

Міне, осылайша солтүстіктегі соғыстың қайнаған ортасында партизан отряды штабының радиобайланысшысы міндетін мүлтіксіз атқарған Майра партизандар арасында «эфирдің снайпері» атанып кетеді. Бұл жөнінде майдангер ана: «Орыс тілін білмегендігім маған қатты қиындық келтірді, алайда бірер жыл ішінде біршама тым тәуір үйреніп алдым. Орталық штабтың радиостанциясына шифрлы мәліметтерді жіберіп отырған партизан отрядтары байланысшыларын бір-бірімен шатастырмай байланыстырып отыру менің әскери жауынгерлік міндетім еді. Соғыс даласындағы зуылдаған, гүрсілдеген оқ даусының арасынан партизан отрядының байланысшысының даусын естіп, мәліметін дәл қабылдап алу, соғыстағы адам тағдыры мен әскери операцияның табысты өтуін шешіп отырды», – дейді.

Осылайша Отан алдындағы жауынгерлік міндетін адал атқарған байланысшы қыз 1945 жылы тамыз айында елге 10 күндік демалысқа жіберіледі. Майра поезбен елге келе жатырған жолында, Жапон елін талқандаған Кеңес Одағының жеңісі құрметіне Москва қаласында беріліп жатырған салютті көріп тамашалайды.

Майра Мақатова Жоғары Бас қолбасшының бұйрығынан кейін, 1945 жылы қазан айында соғысты Карель жерінде аяқтайды. Жауынгерлік ерлігі үшін ол «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Советтік Запольярени қорғағаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

Елге оралған соң, майдангер қыз 1946 жылы Оралдағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың тарих факультетіне оқуға қабылданып, студент атанды. Майрамен бірге майданнан келген жауынгерлер болашақ тарихшы ғалымдар Ғ. Сүйіншалиев, П.Р. Букаткин, Р. Нафигов, өлкетанушы

Ж. Ақбай, т.б. сияқты қоғам қайраткерлері де оқыды. Солардың бірі соғыс және еңбек ардагері, Ақжайық аудандық Чапаев орта мектебінің 40 жыл директоры қызметін атқарған И.Подкуйко: «Біздің топты аса құрметпен «гвардиялық топ деп атайтын. Өйткені институт бойынша жалғыз біздің топта оқыған студенттердің жетеуі бірдей – соғыстан қайтқан солдаттар болса, олардың ішінде жалғыз қыз – Майра Мақатова болды», – деп мақтанышпен жазды. 1950 жылы институтты аяқтап, тарихшы мұғалім атанған Майра Жәнібек ауданына орта мектепке жұмысқа жолданады. Сол жылы Майра соғыс ардагері Батыс майданда жаяу әскер командирі болған Ғайнолла Абрахмановпен бас қосып шаңырақ көтерді. 1954 жылы запастағы офицер Ғайнолла Абдрахманов Германия Демократиялық Республикасындағы Кеңес армиясының құпия бөлім қызметіне шақырылады. Үш жасар ұлын ерітіп, Майра да ерімен бірге бір жыл Германия (ГДР) елінде болып қайтады. 1955 жылы елге қайтып оралған олар Орал қаласына іргелес жатқан Федоровка ауылындағы орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. Жанұяда 3 бала тәрбиелеп өсірді. Майра Мақатова әскери училищеде бірге оқыған радиобайланысшы құрбыларымен ұзақ жылдар бойы байланысын үзбей, 1972 жылы Мәскеуде, 1982 жылы Беломорскде, 1987 жылы Петрозаводск қалаларындағы майдандастар кездесуіне қатысып, құрбыларымен қауышып қайтты.

Зейнет демалысына шыққанға дейін өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған жауынгер, ұстаз Майра Мақатова «Құрмет белгісі» орденімен және «Қазақ ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Майдангер ана 2014 жылы 93 жасына қараған шағында дүниеден озды. Халқымыз «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» дейді. Отан үшін от кешкен партизан байланысшы жауынгер қазақ қыздарының жауынгерлік ерлігі мен өнегелі өмірін жас ұрпақ үлгі етеді, мәңгілік мақтаныш тұтады.

Жизнь партизан очень трудная и сложная
 бытовая усталость, голод, жара, одна среди многих,
 Не все знали казак. Было испытание стрелком,
 пошла одна, сама поставила сам сразу же
 денем и делом в обществе людей, то они, тем
 более в трудные времена, будут убивать и мстить.
 Это я представляю на себе. После войны
 и сейчас в шельмах, которые получают права
 после. Всегда пишут - наша Нина (Нуртжан)
 Присоединилась с Красной Армией 1942 году
 в Польше. Вернулась с фронта и до конца
 работала учительницей начальной школы.
 Муж родился зени. Я с мужем назвали
 Злата, 5 дочерей, 15 внуков. Все они очень
 хорошие, один лучше другого!!
 Мире Миланович Сати тоже братишка
 были - десантник сформирован в 1989г.
 Вашая старшая внучка Надежда играет
 на скрипке, как-б продолжает мою линию.
 Внучка очень любит и желает или поют
 и поет!!
 Надеюсь и жду только хороших!
 Не пережить ни, то что для меня произошло
 Нина

Н. Байсеитованың ғұмырбаяны

Дорогой боевой друг Нуртжан Бекеновна!
 Совет ветеранов бывших партизан 8-й бригады приглашает Вас при-
 нять участие во встрече ветеранов войны 7 мая 1978 года, посвя-
 щённой 33 годовщине Победы над фашистской Германией.
 Сбор 7 мая 1978 г. в 10.00 по адресу: г. Минск, Ленинский прос-
 пект, музей Великой Отечественной войны.
 Администрацию, партийную и профсоюзную организации просим ока-
 зать содействие в командировании на встречу боевых друзей
 тов. Байсеитову Н. Б. с выдачей ему командировочного
 предписания.
 Председатель Совета ветеранов
 бывших партизан 8-й бригады Л. М. Кругликов Л. М. Кругликов

ТАРИХИ СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ



Байланысшы жауынгер Майра Мақатова (оң жақта)




Майдангер М.Мақатова (сол жақта бірінші) қаруластарымен бірге. Петрозаводск қаласы. 1985 ж.



Майдангер М.Мақатова (алдыңғы қатар сол жақта екінші)
қаруластарымен бірге Петрозаводск қаласы. 1985 ж.



Майдангер ұстаз М. Мақатова Федоровка орта мектебі – тарих
пәнінің мұғалімі. 1966 жыл.



Сержант М.Мақатованы «Кеңестік Заполярјені қорғағаны үшін» медаліне ұсыну актісі.

**Бақтылы Боранбаева,
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің доценті, тарих
ғылымдарының кандидаты**

Ақіқат. – 2021. – 30 маусым.

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

1981-1986 жылдары Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып, оны «тарих, қоғамтану және советтік мемлекеттік право мұғалімі» біліктілігімен аяқтаған. Осыдан кейін 1986-2004 жылдар аралығында аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы (1986-1987), Атырау облыстық тарихи өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері, бас қор сақтаушысы (1987-1996), Орал қалалық №38 орта мектептің мұғалімі (1996-2004), Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінде (2004-2018) жылдары қызмет атқарған.

Жалпы еңбек өтілі – 36 жыл. Оның ішінде жоғары оқу орнында 18 жыл.

2009 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Диссертациялық Ғылыми кеңесінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З. Рысбековтың жетекшілігімен «Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі» атты тақырыпта диссертация қорғады. Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2009 жылғы 22 қазандағы (№7 хаттама) шешімімен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

Б.С. Боранбаева 2018 жылдан М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасында қызмет етуде.

Ғалым Боранбаева Б.С. 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Оның ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі нысаны (объектісі) өлке тарихының өзекті мәселелері болып табылады. Тың зерттеулер нәтижесінде жарияланған 5 монографисы атап айтқанда, «Ғұмар Қараш. Қоғамдық саяси-қызметі» (Алматы: «Арыс», 2014. – 232 б.), «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары». (Орал: «Полиграфсервис», 2015. – 228 б.), «Орал өлкесінің тарихи мәдениеті ХІХ ғасырдың ІІ ж. ХХ ғ. І жартысы» (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ. РБО, 2019 – 202 б.) «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары». Толықтырылған екінші басылым.

(Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ. РБО, 2020 – 175 б.), «Капустин Яр әскери полигоны: Қазақ депортациясы» (Орал: «Полиграфсервис», 2022. – 264 б.) монографияларының, «Ардақты әке жөнінде сөз» (Орал: «Полиграфсервис» 2015. – 112 б.), «Отты жылдар қаһармандары» (Орал: «Полиграфсервис» 2017. – 380 б.), «Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (1921-1922 жж.). (Орал, 2022 – 282 б.) атты тарихи танымдық естеліктер жинағының авторы.

Ғалым Б.С. Боранбаеваның Орта ғасырлар тарихы (V ғ. екінші жартысы – XVII ғ. ортасы) атты оқу құралы (Астана: «Фолиант». – 2013 – 256 б.) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары секциясының ұсынысымен шығарылып, республикамыздың жоғары оқу орындарына қолданысқа енгізілді. Бұл бүгінгі таңда республиканың жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік құралдарының тапшылығын шешуге септігін тигізетін, студенттердің сұранысына сай оқу құралы болып табылады. Сонымен бірге ол «Орта ғасырлар тарихы (V ғ. II жартысы – XVII ғ. ортасы)» атты электронды оқулығы үшін авторлық куәлікке ие болды. (ҚР Әділет Министрлігі. Куәлік ИС 008131. №806. 2017 ж. 24 сәуір.).

Ғалым көп жылғы теориялық, оқу-әдістемелік тәжірибесін жас мамандарға да үйретіп магистр Н.Н. Маймановамен бірлестікте «Ортағасырлар тарихы пәнінен студенттің өздік жұмыстарының тапсырмалары» атты (магистр Н.Н. Маймановамен бірлестікте) оқу-әдістемелік құралын баспадан (Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ. РБО, 2019- 202 б.) шығарды.

Б.С. Боранбаеваның Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда 3 мақаласы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын «Отан тарихы», «ҚазҰУ Хабаршысы», «Абай ат. Қаз ҰПУ Хабаршы», «Халықаралық электрондық журнал «Edu-e.history», «Қазақ тарихы», «БҚМУ Хабаршысы» ғылыми басылымдарында 21 мақалалары жарияланды. Сондай-ақ ғалымның Венгрия, Түркия (Эрзурум), Чехия (Прага) елдерінде, Самара, Саратов, Уфа, Москва қалаларындағы халықаралық және Қазақстан республикасының жоғарғы оқу орындарында өткізілген

ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалары басылымдарда жарияланып отырады.

Ғалым Б.С. Боранбаева Президент Қ.К.Тоқаевтың жарлығымен құрылған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» Мемлекеттік комиссиясының Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік комиссияның жұмыс тобы жетекшісі. Ғалымның табанды еңбегінің нәтижесінде «Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық. (1921-1922 жж.) Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив құжаттарының жинағы» атты еңбек Мемлекеттік комиссия тапсырмаларына сәйкес алғаш рет жарыққа шықты. (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары ((XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т. 28. – Астана, 2022. – 352б.).

Б.С. Боранбаева студенттер мен магистранттарға ғылыми жетекші ретінде белсенді қызмет атқарып келеді. Ғалымның жетекшілігімен Алматы, Тараз, Семей қалаларында өткізілген студенттердің республикалық ғылыми тәжірибелік конференциясына қатысқан студенттер жүлделі I, II орындарға ие болды. 2021 жылы Семей қаласында Ә.Бөкейханов университетінің ұйымдастыруымен өткен «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» атты Республикалық ғылыми жобалар байқауына Б.С. Боранбаеваның жетекшілігімен қатысқан тарих мамандығының 4 курс студенті Г. Жайланова I орынға ие болып, дипломмен марапатталып 100 000 тенге жүлдеге ие болды.

Сондай-ақ 2021 жылы Ақтау қаласында өткізілген «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» атты жалпыұлттық ғылыми зерттеулер байқауына қатысқан Тарих мамандығының 4 курс студенті Е.Қажымұрат «Алаш қайраткерлерінің Қазақстандағы ашаршылықпен күресі» атты тақырыпта баяндама жасап, жүлделі I орынға ие болып, 300 000 тенге, ал Сағынова Әлия «Алаш қозғалысындағы аз зерттелген тұлғалар» номинациясы бойынша 50 000 тенге жүлделі орынға ие болды.

Ғалым студенттерге кәсіби білім берумен қатар, болашақ алаштанушы мамандар дайындау үшін, «Алаштану» ғылыми зерттеу орталығына жетекшілік етеді. Ғылыми орталықтың жұмысын түрлі форматта ұйымдастырып, студенттерді ғылыми зерттеу жұмысына баулып келеді. «Алаштану» ғылыми зерттеу орталығына мүше студенттер облыстық радионың «Ақжайық

энциклопедиясы» хабарына қатысып, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін көпшілікке насихаттап отырады.

Ғалымның жетекшілігімен тарих мамандығының студенттері «Ардагер естелігі-айтылған тарих» жобасы аясында Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, облыстары бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлер мен тыл ардагерлерінің сондай-ақ соғыс жылдарындағы балалар естеліктерін аудио және видео таспаларға түсіріп, ғылыми зерттеу, архив қорын жинақтау жұмыстарын жүргізеді. Оның жетекшілігімен студенттер «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан облысы балалары мен жасөспірімдерінің жеңіске қосқан үлесі» атты жобамен айналысады.

Б.С. Боранбаева білім жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, мәселен, «The System of Higher Education in Poland. Fundamental principles of successful grant application» at University of Economy (Bydgoszcz Poland. During Summer Semester 180 h of 2017-2018 Academic Year. «New methods in the study and teaching history» (2021), «Смарт білім беру: Әдістемелер мен технологиялар ресурсы» (2020), «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы, тарихи өлкетану» (2020), «ЖОО оқытушыларының кәсіби шеберлігін жетілдіру (2020), «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану» білім беру бағдарламасы пәндерін оқыту әдістемесі мен оқытудың тұжырымдамалық негіздері» (2020) т.б. біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, кәсіби білімін жетілдіріп, сертификаттарға ие болды.

Б.С. Боранбаева 2017 жылы Польша Республикасының Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

Ғалым Б.С. Боранбаева ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет Грамотасы» (2017), «Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығының құрметіне» арналған (№39) және «Ойшыл ағартушы ақын Ғ.Қараш» атындағы (№003) төсбелгілерінің иегері, Батыс Қазақстан облысының әкімінің Алғыс хатымен марапатталған (2022).

Б.С. Боранбаева әр іске жоғары жауапкершілікпен қарайтын талапшыл, еңбеккор ұстаз ретінде әріптестері мен студенттердің арасында сый құрметке ие, ар - ождан таза, абыройлы ғалым.

ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛЕСТЕРІ

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНО- ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы 1964 жылы 19 қазанда Гурьев қаласында дүниеге келген.

Боранбаева Бактылы Сансызбаевна родилась 19 октября 1964 года в городе Гурьев.

- 1981-1986 жж.** Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып, оны «Тарих, қоғамтану және советтік мемлекеттік право мұғалімі» біліктілігімен аяқтаған
- 1986-1987 жж.** аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы
- 1987-1996 жж.** Атырау облыстық тарихи өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері, бас қор сақтаушысы
- 1996-2004 жж.** Орал қалалық №38 орта мектептің мұғалімі
- 2004-2018 жж.** Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінде қызмет етті
- 2009 ж.** М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Диссертациялық Ғылыми кеңесінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З. Рысбековтың жетекшілігімен «Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі» атты тақырыпта диссертация қорғады

- 2009 ж.** тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді
- 2012 ж.** Katılım Belgesi Sayın İlk Hakas Bilimci ve Türkolog Nikolay F. Katanov'un 150. yıldönümü Anısına, 30-31 Mayıs 2012 tarihleri arasında Kazakistan'ın Oral Şehrinde düzenlenen Uluslararası Konferans'a yapmış olduğunuz katılım ve katkılarınızdan dolayı teşekkür eder, başarılarınızın devamını dilerim.
- 2014 ж.** IV Республикалық «XXI ғасырдың зияткерлік әлеуеті: қазақстандық жас ғалымдардың үлесі» атты «Жас Тұран-2014» ғылыми-практикалық конференциясына қатысқаны үшін, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті студенттерінің жұмысын үздік басқарғаны үшін «Тарих және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасы грамотамен марапатталады
- 2014 ж.** Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Ақ Жайық ақындары Тәуелсіздікті жырлайды» тақырыбындағы әдеби кешке қатысып, «Қазақстан тәуелсіздігі қазақ ұлтының ежелгі бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі, Қазақстан дамуының бүгінгі мен ертеңі» туралы тақырыбында ой қозғап өз көзқарасын білдірді
- 2015 г.** курсы повышения квалификации «Педагогика высшей школы» в Восточно-Казахстанском государственном университете имени С. Аманжолова в г. Усть-Каменогорск

- 2015 ж.** Шетел азаматтарына арналған филологиялық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты жас ғалымдардың VII Халықаралық ғылыми конференциясына студенттерді даярлағаны үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті алғыс білдіріп Алғыс хатпен марапаттады
- 2015 ж.** тарих факультетінің ұйымдастыруымен өткен «Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы: жаңа деректер және интерпретациялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін марапатталды
- 2015 г.** участие в VII Международной научно-практической интернет-конференции «Актуальные научные исследования в современном мире»
- 2015 г.** переподготовка на курсе «Педагогика высшей школы» в Центре подтверждения квалификации Восточно- Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова. За период обучения прослушала лекции и выполнила лабораторно-практические задания
- 2015 ж.** Иса Тергеусізовке арналған «Жетісудағы алаш қозғалысы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін Алғыс хат берілді
- 2015 ж.** Мичурин жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасының 8-9 сынып оқушыларына «Ғ.Қараш-«Алаш» қайраткері» атты конференция жүргізді

- 2015 ж.** Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты дөңгелек үстелді жүргізді
- 2015 ж.** Орал қаласы №46 ЖББОМ базасында өткен «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы заманауи қазақстандық қоғамның басты бағыты тақырыбындағы облыстық семинар практикумда «Мәңгілік ел» идеясы патриоттық тәрбие негізі» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті
- 2015 ж.** Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен, ҚР ІІМ Батыс құрамасының №5517 әскери бөлімінің кітапханасы бірлесе ұйымдастырған - Қазақ хандығының 550 жылдығы және ҚР Конституцияның 20 жылдығына орай «Мемлекет тірегі - Ата Заңым» тақырыбындағы сарбаздарға Қазақстан Республикасының Конституциясы жайлы ақпарат берді. Қазақ хандығының құрылу тарихы, әсіресе Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» жайлы үлкен мағлұмат берді
- 2016 г.** участие в международной научно-практической конференции «Шежіре тұнған құт мекен», посвященной 215-летию образования Букеевской Орды и 175-летию школы Жангирхана
- 2016 г.** читала лекции по дисциплине «История средневекового Казахстана» в Костанайском государственном педагогическом институте для студентов 2 курса казахского отделения специальности «История»

- 2016 ж.** Облыстық дарынды балаларға арналған мамандадырылған мектеп-интернатында Жеңіс күніне орай «Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары» атты кітабын оқушыларға таныстыру кешіне қатысты. ҰОС-на қатысқан барша қазақ қыздарының ерлігі, сонымен қатар Батыс Қазақстан облысындағы қазақ қыздарының соғысқа қатысқандағы жауынгерлік шеберліктерін жай айтып, сұхбат және бейне материалдар арқылы баяндады
- 2016 ж.** Батыс Қазақстан облысының мәдениет және архив ісі басқармасының Облыстық зағип және көзі нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тәуелсіздік жолында» атты тарихи кешіне қатысты
- 2016 ж.** «Қазақстан» РТРК БҚОФ радио торабында 2016 жылдың 3 наурыз күні «Руханият» хабарында «Қазақ қызының болмысы тектілік феномені» тақырыбы қозғалды. Хабарға қатысып, тақырып төңірегінде ой өрбітті
- 2017 ж.** ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы
- 2017 ж.** Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қолжеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды
- 2017 г.** свидетельство о государственной регистрации прав на объект авторского права под названием «Орта ғасырлар тарихы (V ғ. екінші жартысы XVII ғ. ортасы)»

- 2017 ж.** «Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясының 100 жылдығының құрметіне» арналған медалдарінің иегері
- 2017 ж.** «Ойшыл ағартушы ақын Ғ. Қараш» атындағы медалдарінің иегері
- 2017 ж.** «Тарихтан тағылым» бағдарламасына қатысып, алаш қозғалысы жайлы әңгіме тарқатты. Ғұмар Қараштың ұрпағы жайлы құнды деректер келтірді және кеңес үкіметі оқуға тиым салған алаш қайраткерлерінің еңбектері туралы тарихи құжаттар көшірмесін көсетіп, сол әдебиеттерге тоқталды
- 2017 ж.** Польша Республикасының Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті
- 2018 ж.** the System of Higher Education in Poland. Fundamental principles of successful grant buring application’. at University of Economy (Bydgoszcz, Poland) buring Summer Semester
- 2018 ж.** М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасында қызмет етуде
- 2020 г.** курсы повышения квалификации «Умное образование: ресурс методов и технологий»
- 2020 г.** курсы повышения квалификации «Новая и новейшая история Казахстана, историческое краеведение»
- 2020 г.** курсы повышения квалификации «Повышение профессиональной квалификации преподавателей вузов»

- 2020 ж.** смарт білім беру: әдістемелер мен технологиялар ресурсы» біліктілікті арттыру курсының «Тарих ғылымының әлемдік даму тенденциясы (Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы, тарихнама мен деректану мәселелері)» лекцияларын тыңдаған
- 2020 ж.** Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлімі Рухани жаңғыру музейінде ақын, қоғам қайраткері Ғұмар Қараштың туғанына 145 жыл толуына орай «Жыр арқауы Ғұмар Қараш» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауында комиссия мүшелігінде қатысты
- 2020 ж.** Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы ұйымдастырылған «Тұңғыш Президент жетістіктері» атты облыстық конференцияға қатысты
- 2020 ж.** облыстық «Ақжауық» телеарнасының тікелей эфирінен «Тәуелсіздік-бабалар аманаты» тақырыбында өткен «Сіз не дейсіз?» бағдарламасына қатысты
- 2020 ж.** «Ақжауық» телеарнасының эфирінен өткен «Жеңіс үшін» бағдарламасында «Сталинград шайқасы» тақырыбында хабарға қатысып, сұхбат берді
- 2020 ж.** «Ақжауық» телеарнасының эфирінен өткен «Күншуақ» танымдық сазды бағдарламасында «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» тақырыбында хабарға қатысып, сұхбат берді
- 2020 ж.** «Ақжауық» телеарнасының тікелей эфирдегі «Күншуақ» ақпаратты-сазды бағдарламасына «Ұлттық аза тұту күні» тақырыбы бойынша қатысып, сұхбат берді

- 2020 ж.** «Тарихтан тағылым» қатысып, Ғұмар Қараш пен Абай Құнанбайұлының рухани ілімі қақында әңгімелеп берді
- 2021 ж.** Қазақстан республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай білімді де білікті шәкірттердің тәрбиесі мен кемел келешегіне ықпал етіп, сапалы білім, саналы тәрбие берудегі қол жеткізген табыстары мен оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталды
- 2021 ж.** 9 сыныптармен Ұлы Жеңістің 76 жылдығын атап өту қарсаңында «Ұлы жеңістің Ұлы есімдері» тақырыбында дөңгелек үстелге қатысты
